

Тәуелсіздік – рухымызды
асқақтатып, болашаққа
деген сенімімізді
күшейтті.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

6

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»



www.almaty-akshamy.kz



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №99 (6075) 19 тамыз, бейсенбі, 2021 жыл.

БӘРЕКЕЛДІ!

Сеул төрінде қазақ халқының ұлы перзенті, ақын Абай Құнанбайұлының бюсті
орнатылды. Бұл – корей бауырларымыздың қазақ халқына деген зор құрметінің белгісі.
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҰЛЫ АБАЙ МҮСІНІ – СЕУЛ ТӨРІНДЕ!



Газетіміздің өткен санында «АҚШАМ-АҚПАРАТ» хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Мун Чжэ Иннің шақыруымен Корея Республикасының астанасы Сеул қаласына мемлекеттік сапармен барды. Сапар аясында Қазақстан Республикасының

Президенті Сеулдегі Кибер университетінің аумағына орнатылған ұлы Абай мүсінінің ашылу салтанатына қатысты.

(Президенттің мемлекеттік сапары жайлы жарияланымды газетіміздің 3-бетінен оқыңыздар).

AKIMAT LIVE

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ЕКПЕ АЛУ – ИНДЕТКЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев «Алматы» телеарнасындағы «Akimat LIVE» бағдарламасының дәстүрлі тікелей эфирінде шаһардағы эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуі және КВИ дертінің асқынуы туралы хабарлады. Мегаполис басшысы алматылықтарды қауіпті дертпен бірлесе күресуге шақырды.



«Спутник V» және «QazVac» және «Vero Cell» вакциналары ұсынылады

Қала тұрғындарымен апта сайын тікелей эфирде онлайн-байланысқа шығатын қала әкімі Бақытжан Сағынтаев қазіргі эпидемиологиялық ахуал туралы айтты. Қала әкімінің айтуынша, 18 тамыздағы жағдай бойынша мегаполисте коронавирус инфекциясының 125 530 оқиғасы анықталған. Оның ішінде 104 950 симптомды және 20 580 симптомсыз, 2133 анықталмаған пневмония жағдайы тіркелген.

(Жалғасы 2-бетте).

ҚЫСҚА...

- Еліміздің Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой өзінің Facebook-тегі парақшасында отандық «QazVac» екпесі Қырғызстанда ресми тіркелгенін мәлімдеді.
- Елімізде Отбасы күні қарсаңында ауыл кітапханаларының кітап қорын толтыру акциясы басталды. Ол 20 қыркүйекке дейін созылады.
- Мегаполистері карантиндік шектеулер 31 тамызға дейін ұзартылды. Сенбі, жексенбі және мейрам күндердегі локдаун әлі өз күшінде.
- Алматылық 3 мың оқушы мектепке қажетті құралдармен жабдықталды.
- Алматыда биыл 6 мыңнан астам тұрғынды баспанамен қамту жоспарлануда.
- Қала көшелеріндегі сырты лас жүк көліктерінің 106 жүргізушісін полиция жауапкершілікке тартты.



AKIMAT LIVE

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ЕКІПЕ АЛУ – ІНДЕТКЕ ТОСҚАУЫЛ
ҚОЮДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ

(Басы 1-бетте)

Тікелей эфир барысында Бақытжан Сағынтаев алматылықтарды COVID-19-ға қарсы екпені тезірек қабылдауға шақырып, қалалықтарға «Спутник V» және «QazVac» және «Vero Cell» вакциналары ұсынылатынын тілге тиек етті.

– 1 қыркүйектен бастап 300 мыңға жуық мектеп оқушылары, 68 мың колледж студенттері, 170 мың жоғары оқу орнындағы студенттері офлайн оқуды бастайды. Біз балаларымызды тәуекелге ұшыратпау, оларды аурудан қорғау, қалада індеттің жаңа өрісуінің алдын алу – әркімнің жеке жауапкершілігі, – деді Б.Сағынтаев.

17 тамызда бір тәулікте коронавирус инфекциясының 1403 жағдайы анықталып, оның ішінде 1319 симптоммен және 84-і симптомсыз науқастар тіркелді. Қазіргі уақытта қуаттылығы 8910 төсек-орын болатын инфекциялық стационарларда 6074 науқас, оның ішінде 188 бала емделуде. Ауруханаға жатқызылғандардың жалпы санының 235-інің жағдайы өте ауыр, 2046-сы ауыр, 3793-і орташа ауырлықтағы науқастар. 603 науқас емделіп шықты. Есесіне, 771 науқас ауруханаға түсті. Жансақтау бөлімдері мен интенсивті терапияда 434 науқас ем алып жатыр. ӨЖЖ аппаратына – 65 адам, инвазивті емес ӨЖЖ аппаратында – 188 науқас жатыр. High flow аппаратына 194 науқас қосылған.

Бүгінде АМСК пен Телемедицина орталығының мобильді топтары үйде 13 532 науқасты бақылауда. Олардың 543-і симптомсыз, 12 687-сі жеңіл, 301-і орташа ауырлықтағы науқастар. Стационардағы емделушілердің жалпы санынан 1462 науқас емделіп шықты. Олар енді әрі қарай амбулаториялық жағдайда емделеді және оқшауланады.

18 тамыздағы дерекке сәйкес, вакцинаны 823 223 адам алды. Оның ішінде 5202 полиция қызметкері, 27 766 мұғалім, 32 395 медицина қызметкері. Вакциналанған адамдардың жалпы санынан 60 жастан аскандар 108 775 адамды (13,2%) құрайды. 648 959 адамға екі компонент егілді.

Бүгінде медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдениет және спорт нысандарында, базарларда және қаланың сауда орталықтарында 167 вакциналау пункттері жұмыс істейді. Бұларда 1038 адамнан тұратын 234 екпе бригадасы жұмыс жасауда. Бүгінде ресейлік «Спутник V», қазақстандық «QazVac» және қытайлық жаңа «Vero Cell» вакциналары салынууда.

АЛМАТЫДА КҮЗДЕ 300 МЫҢ
АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев алдағы күзгі ағаш отырғызу маусымы туралы ақпарат берді. Шаһар басшысының айтуынша, ағаштарды жаппай отырғызу елдімекендердегі жолдардың бойына, негізінен Наурызбай мен Алатау аудандарындағы «Алғабас», «Шұғыла» және тағы басқа тұрғын кешендерінің айналасына отырғызылады.

Сонымен қатар, магистральды көшелердің – Рысқұлов, Абай, әл-Фараби даңғылдарының, Тимирязев көшесінің бойына: тротуарлардың, бөлу жолақтарының бойына, ағаш жоқ жерлерге және магистральды көшелердегі үңгілеу жұмыстары аяқталған – Абай даңғылы, Алатау көшесінің бойына отырғызылады.

Үй жанындағы аулаларды көгалдандыру үшін тұрғындармен дәстүрлі «Жасыл аула» акциясы өтеді. Барлығы 300 мың ағаш отырғызу жоспарлануда. Айта кетерлігі, көктемде 64,5 мың ағаш отырғызылды.

Биыл тамыр жаюы төмен әрі ауруға бейім болуына байланысты қала жөке ағашы, сәнағаш, боз аршадан бас тартады. Аудандастырылған ағаштарға, оның ішінде «Қазақстан» терегі мен қарағашқа басымдық беріледі.

Қалалықтардың сұрақтарына жауап бере келіп, әкім «Жасыл Алматы» акциясы аясында Сосновый борда 5,5 мың қарағай отырғызылғанын айтты. «Табиғат» ЭБҰ қорының бастамашыл тобы саябақ аумағына 350 қарағай мен 500 алма ағашын отырғызды.

Жасыл желекті күту үшін скважина жасалды, суару жүйесі тартылды. Ағаштардың 80%-ы автоматты жүйенің арқасында суарылады.

«Жасыл Алматы» акциясы аясында «Сосновый» скверінде, «Западное» зиратының бойына, Б.Момышұлы көшесінің бойына 176 мыңнан астам ағаш көшеті отырғызылды.



Қарағай орманының қарсы бетіне қайың тоғайы отырғызылды, онда 2,5 мың ағаш бар. Археологтармен келісім бойынша Сақ қорғаны айналасына 2 мыңға жуық ағаш отырғызылды. «Боралдай» мен «Зерделі» шағынаудандарында жаңа саябақтар салынууда.

ЖАСЫЛ-ЖЕЛЕКТЕР
ЗИЯНКЕСТЕРДЕН ҚОРҒАЛАДЫ

Қала тұрғындарымен әңгіме барысында ағаштарды зиянкестерден қорғау бойынша кешенді шаралар жайлы да әңгіме өрбіді. Мұндай шаралар бірнеше кезеңде жүзеге асады. Қазір қалада төртінші – екпелерді сыртқы өңдеу жұмыстары жүруде.

Бақытжан Сағынтаев жергілікті ошақтардың жойылуын есептегенде, қалада соңғы 10 жыл ішінде жасыл қорға жаппай өңдеу жүргізілмегенін айтты. Сонымен қатар, кеңес заманынан бері Алматыда жәндіктердің 30 түрі мен ағаштарды кеміретін аурудың 6 түрі бар.

Қазір мегаполисте ескі және ауру ағаштарды кешенді қорғау мен емдеу жұмыстары жүргізілуде. Биологиялық препараттар арқылы ағаштардың діндері өңделуде. Сондай-ақ, ағаш тамырлары коректіндірілуде әрі қабық астына инъекция жасалуда. Бұл ағаштарды қорғаудың заманауи және тиімді әдісі, аурулар мен зиянкестерді жояды, жұқпалы аурулардың алдын алады, сондай-ақ кез келген мөлшердегі ағаштарды арнайы техниканы пайдаланбай коректендіруге мүмкіндік береді. Осындай инъекцияның арқасында инсектицидтер, фунгицидтер, макро және микроэлементтер сияқты әртүрлі заттар тез арада қажетті көлемде түседі және ұзақ уақыт бойы өсімдіктің барлық бөліктерін зиянкестерден қорғайды.

Жол бойына, саябақтар мен аулаларға ағаш отырғызуға, тазалыққа ерекше назар аударылады. Нәтижесінде 2 жыл ішінде қаладағы қоқыс ошақтары 30%-ға азайды. АҚШ пен Германиядан келген көгалдандыру мамандары ірі қалаларда зиянкестермен күресуге 10 жыл жуық уақыт кететінін айтты.

Қала тұрғындары түнде техниканың екпелерді өңдейтінін байқады. Қазір көктемгі өңдеудің 4-ші кезеңі жүріп жатыр. 5-ші кезеңде, қыстың алдында нығайту кезеңі жүргізіледі. Жалпы өңдеу ағаштарды сыртқы бүрку арқылы жүреді, ағаштардың ауруы байқалса, онда олардың тамырлары өңделеді.

Тікелей эфир барысында қала әкімі әдеттегідей Алматының дамуына қатысты шаһар тұрғындарының, БАҚ өкілдерінің сауалдарына және әлеуметтік желі арқылы келген оқырман сұрақтарына жауап берді.

СҰРАҚ:

– Біз Алматы қаласының Алатау ауданына қарасты «Радуга» саяжайының тұрғындарымыз. Бізге 2018 жылы кәріз жүйесі жүргізілген болатын, су берілді. Кәріз жүйесі болса әлі күнге пайдалануға берілген жоқ. Мердігерлер нысанды «Алматы Су-га тапсырдық» дейді, олар болса қабылдаған жоқпыз деп отыр. Бір-біріне сілтейді.

Екінші мәселе, жарықтандыру жайында. Біздің көшелер қараңғы. Кәмелеттік жасқа толмаған балалар көп. Оқу басталса жолға дейін 200 метр жүрулері керек болады. Осы сауалдарымызға жауап берсеңіз...

Бұл сауалға жауап беру үшін Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков эфирге онлайн қосылды:

– Бірінші сұрақ бойынша, «Радуга» саяжайында «Агидель» компаниясы су және кәріз жүйелерін жүргізген болатын. Су тұрғындарға толық жеткізілді, алайда кәріз жүйесін қосу үшін сорғы станциясын салу керек. Бұл бағытта қалалық Энерготиимділік басқармасымен жобалық-сметалық құжаттар дайындалып жатыр. Біздің жоспарымыздағы 17 кәріз сорғы станцияларының ішіне кіріп отыр.

Б.САҒЫНТАЕВ:

– Жарық мәселесі бойынша саяжайларды қарастырмаған болатынбыз. Алатау ауданында жарығы жоқ көшелердің барлығы жарықтандырылды, жартылай жарығы жоқ көшелермен жұмыс істеудеміз. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін саяжайларға да кірісетін боламыз.

СҰРАҚ:

– Мен балалар үйінің түлегімін. Жасым 34-те. 29 жасқа дейін заң жүзінде жетімдер қатарына ене алмай, баспаназға кезекке тұра алмадым. Қазір де мүмкіндік болмай отыр. Маған көмектесуіңізді сұраймын. Қай жерге тіркелетінімді білмеймін, баспанам жоқ. Мені Абай мен Саин көшесі қиылысындағы «Жастар үйінен» 29 жасқа толғаннан кейін шығарып жіберген. Кәмелет жасқа толмаған екі балам бар.

Б.САҒЫНТАЕВ:

– Сіз өзіңіздің жеке ақпараттарыңызды студияда қалдырыңыз, біздің қызметкерлер сізге кейін хабарласады. Көмектесеміз.

СҰРАҚ:

– Медеу ауданында «Широкая щель» аумағында, таулы аймақ болғандықтан жолдар жабық. Жолдың үңгірі тұрғанына 10 жылдай болды. Біз оны орнына келтіре алмай отырмыз. Қалалық мобильділік басқармасы өздеріңіздің қаражаттарыңыздан жасаңыздар дейді, алайда таулы аймақ жері қалаға кіреді ғой.

Б.САҒЫНТАЕВ:

– Онда шынымен де құлаған 2-3 жолдар бар. Бау-бақша серіктестігі болғандықтан, біз онда жұмыстар жүргізбедік. Бірақ адам өміріне қауіп төндіретіндей жағдай болса, қарастырып көру керек.

СҰРАҚ:

– Қонаев пен Мақатаев көшелерінің қиылысында ескі, құраған терек тұр. Сізге екі рет хат жаздым. Мәселені шешу үшін өзіңіздің атыңыздан, әкімшіліктен комиссия жіберуді сұраймын.

Б.САҒЫНТАЕВ:

– Жақсы, ертең тексеруге мамандар жіберемін. Шынымен апатты жағдайда тұрса, тиісті шаралар қолға алынады.

СҰРАҚ:

– Төле би көшесінде не болып жатыр? Не үшін оны қайта қазып жатыр? Жөндеу жұмыстары қашан бітеді екен?

Б.САҒЫНТАЕВ:

– Төле бидегі бір жолақ қоғамдық көліктерге арналған. Байтұрсынов көшесінен Әуезов көшесіне дейін екі жолақ. Біреуі – қоғамдық көліктерге, екіншісі – қалалық көліктерге арналған. Біз осы аумақтағы рельесті алып, асфальт төсеп, кеңейтпекшіміз. Рельестің жанына бордюр қоямыз. Сонда кө-

шенің екі жағында да 3 жолақтан болады. Қазіргі жөндеу жұмыстары тек осы учаскеде ғана жүріп жатыр. Біз жолды үш учаскеге бөліп тастағанбыз. Қазір үшеуінде де жұмыстар жүріп жатыр. Толық жұмыстар қазан айына дейін аяқталуы керек. 80 шақырым жолды біз орташа жөндеу жұмыстарымен жабамыз. Кейбір бордюрларды ауыстырамыз, арық жүйесі де қалпына келтіріледі. Қалай болса солай орналасқан тұрақтар бар. Осы көшедегі қиылыстардың өзі қауіпті. «Сайран» автобекетінің маңы да жолдан өтуге өте қауіпті. Осы маңайдағы жұмыстардың бәрі дұрыс ұйымдастырылмаған. Көшеге жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстары кезінде бұлардың бәрін ретке келтіреміз. Соңғы рет Төле биге 2013 жылы жөндеу жұмыстары жасалған.

СҰРАҚ:

– «Көлсай» ықшамауданы, Қойгелді 34, 25-үйге көмек керек. 16 тамыз күні сел жүріп, менің үйімнің алдын сел басып қалды. Кешелі бері Медеу ауданынан екі адам келіп, тазалап, бүгін де келеміз деген, бірақ ешкім келмеді. Бізге кім көмек береді, соны айтсаңыздар...

Б.САҒЫНТАЕВ:

– Комиссия барып, көріп, көмектеседі. Мәселеніз шешіледі.

СҰРАҚ:

– Алатау ауданындағы Сарайшық көшесінде тұрамын. Біздің жер үйлерге канализация қашан жүргізіледі? Одан кейін Көкөзек ауылына 81 автобус кіреді деп еді. Ол қай кезде кіреді?

Бұл сауалға жауап беру үшін Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков эфирге онлайн қосылды:

Сарайшық елдімекені «Алғабас» ықшамауданына кіреді. Шуланов, 109 мекенжайы бойынша Сарайшық көшесінде магистральды кәріз жүйесі бар. Техникалық шартты алып, 9000 теңге төлеп, қосыла аласыздар. Болмаса біз ертең сіздің мекенжайға шығып, түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз.

Ал Көкөзек бойынша Қалалық мобильділік басқармасымен бірлесе отырып жұмыстар жүргізілді. Маршрут желілерін оңтайландыру бағдарламасы бойынша жаңадан келетін автобустар санынан сол жаққа жаңа маршрут шығарамыз деген жоспар бар.

Б.САҒЫНТАЕВ:

– Кеше кеңес өткіздік. Қоғамдық көлікке қатысты сұраныс та, талап-тілек те көп. Мұның бәрі ертең автобустың жетіспеушілігіне алып келеді. Бұл салада жүйесіздік орын алмас үшін бұдан былай сұраныстардың бәрін бір жүйеге келтіру жұмыстары жүргізілуде.

СҰРАҚ:

– Мені Гоголь көшесі мен Жібек жолы даңғылы аралығындағы жағдай алаңдатады. Жаңбыр жауған кезде біздің жерасты жолын су басып қалады. Соңғы рет мен Алматы ауданы әкімдігіне хабарласқанмын. Әлгі жердің ластығы сонша, соңғы кездері егеуқұйрықтар пайда болыпты. Коронавирусқа қоса енді егеуқұйрықтар жетпей тұр еді. Көшеге санитарлық өңдеу жасалуы керек.

Б.САҒЫНТАЕВ:

– Жібек жолы даңғылында қауіпті бұрылыс бар, сол жерді су басып қалғаны белгілі. Ал егеуқұйрықтар жайлы ақпарат бұған дейін болмаған. Сіз айтқан мекенжайға жауапты орган мамандары бүгін барып, тексеріп, ертең тазалық, санитарлық өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

● ТҮЙІН:

«Akimat LIVE» бағдарламасының зекті шығарылымын қорытындылай келе, Бақытжан Сағынтаев алматылықтарды толғандырған сұрақтардың барлығы жауапсыз қалмайтынын қадап айтты. Тұрғындар талап-тілегі әкімдіктің басты назарында болады және жүйелі түрде оң шешімін табатын болады. Сонымен қатар, шаһар басшысы коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу үшін қала тұрғындарын адам аяғы көп жиналатын қоғамдық орындарға, жиын-тойларға бармауға, қазіргі эпидемиология байланысты көпшілікті сактық шараларына барынша жауапкершілікпен қарауға шақырды. Індетті ауыздықтау – өз қолымызда. Белсенді екпе алудан басқа жол жоқ. Екпе алу – індетке тосқауыл қоюдың бірден-бір жолы.

«Akimat LIVE»-та кезекшілік еткендер:
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Әсел ДАҒЖАН,
Динара МҰРАТ.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ХАЛЫҚТАРЫМЫЗ – ТАҒДЫРЛАС

Корея – Қазақстанның Шығыс Азиядағы стратегиялық серіктесінің бірі



ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ ТЫҢ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

– Екі елдің арасы алшақ болғанымен, халықтарымыз – тағдырлас. Корея – Қазақстанның Шығыс Азиядағы стратегиялық серіктесінің бірі. Қазір сан салалы байланысымыз қарқынды дамып келе жатыр. Біз осы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеру үшін өзара сенім мен қолдауға негізделген келіссөздер жүргіздік. Ықпалдастықтың тың бағыттарын айқындадық, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы атап өткендей, өткен ғасырдағы тарихи оқиғалар екі халықты жақындата түскені белгілі. Ондаған мың корей азаматтары қазақ жерінен пана тапты. Қазақстан олардың екінші Отанына айналды. Корей жұртының ұлттық батыры, генерал Хон Бом До Қызылорда қаласында жерленген. Президент Мун Чжэ Иннің өтінішімен оның сүйегі Қазақстан Президентінің шешімімен туған жеріне жеткізілді. Бұл шара – екі ел арасындағы өзара сенімнің жарқын көрінісі. Кезінде Қазақстанға жер аударылған корейлердің ұрпағы бүгінде 100 мыңнан асты. Олар қазақ-корей достық қатынасын нығайта түсуге зор үлес қосып келеді. Келесі жылы Қазақстан мен Кореяның дипломатиялық қатынас орнатқанына 30 жыл толады.

Сапар барысында Қазақстан–Корея арасындағы серіктестікті жан-жақты дамытуға баса мән берілді. Тараптар ынтымақтастықты тың қарқынмен жалғастыруға мүдделілігін білдірді. Кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы бірлескен мәлімдеменің қабылданыуы – соның айқын дәлелі. Бұл құжат қазақ-корей ықпалдастығының аясын кеңейтіп, екі ел арасындағы қарым-қатынасты жаңа белеске көтеруге септігін тигізеді. Екіжақты байланыстардың өзегі – сауда-экономикалық ынтымақтастық. Екіжақты ықпалдастыққа тың серпін беру үшін Корея Республикасының Пусан қаласында Қазақстанның Бас консулдығын ашу туралы шешім қабылданды.

КОРЕЯ ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ІРІ 10 ИНВЕСТИОРДЫҢ ҚАТАРЫНА КІРЕДІ

Корея – жоғары технологиясы мен инновациялық өнеркәсібі дамыған қуатты мемлекет. Қазақстан – экономикалық өсімі тұрақты әрі инвестициялық ахуалы қолайлы ел. Қазірдің өзінде «Таңғы шық елі» Азиядағы сауда серіктестеріміздің ішінде екінші орында тұр. Бұған қоса, Корея еліміздегі ең ірі 10 инвестордың қатарына кіреді.

Мемлекет басшысы соңғы 15 жылда Корея Қазақстан экономикасына 6 миллиард доллардан астам инвестиция салғанын, «Samsung», «Hyundai» және «Lotte Group» концерндері – біздің ірі инвесторларымыз екенін атап өтті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша екі елдің саудасаттық көлемі 5,9 миллиард долларға жеткен. Тараптар пандемиядан кейінгі кезеңде шикізаттық емес тауар айналымын ұлғайтып, оны әртарапандыруға келісті. Сондай-ақ, «Самал жел» бағдарламасын жандандыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді. Осы арқылы жаңа инвестиция мен жоғары технологияның елімізге келуіне қолайлы жағдай жасалмақ. «Біз түрлі бағыттағы ауқымды жобаларды бірлесе жүзеге асырудың мүмкіндіктерін қарастырамыз. Бұл ретте ауыр өнеркәсіп пен машина жасау, тау-кен және барлау, баламалы энергетика салаларының болашағы зор. Қазақстанда инновациялық өндірістерге деген сұраныс жоғары. Әсіресе, коммуникация, ауыл шаруашылығы, медицина және фарма-

цевтика жобаларына баса мән береміз», – деді Мемлекет басшысы.

ҮЛКЕН АЛМАТЫ АЙНАЛМА ТАСЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА КОРЕЯЛЫҚ КОМПАНИЯ ҚАТЫСУДА

Мемлекет басшысы жоғары деңгейдегі келіссөздерден кейін Корея мен Қазақстанның ірі компаниялары басшыларының жиынына қатысты.

– Соңғы 15 жылда Сіздің еліңізден келетін тікелей инвестиция көлемі 6 миллиард доллардан асты. Қазақстанда корейлік капитал салынған 550-ден астам кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында Samsung, Hyundai, Lotte, Posco, KNOX және басқа да жетекші корпорациялар бар. Осы компаниялардың қатысуымен жалпы құны 2,5 миллиард доллардан асатын 24 ірі жоба жүзеге асырылды. Әсіресе, корейлік SK Engineering & Construction компаниясының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан Үлкен Алматы айналма тасжолының (БАКАД) құрылысын аяптуға болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы автомобиль жасау, тұрғын үй құрылысы, металлургия және ауылшаруашылығы сияқты салаларда жалпы құны 1,5 миллиард доллардан асатын келешегі зор үміт күттіретін 16 инвестициялық жобаның іске асырылатыны туралы айтты.

Қазақстанда инновациялық технологияларды дамыту үшін заманауи инфрақұрылым бар екенін атап өткен Мемлекет басшысы Корея компанияларының елімізде 5G жобаларын іске асыру үдерісіне қатысуға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану саласының зор мүмкіндіктерін пайдалануға шақырды. Қазақстанда жер аумағының 25 пайызына ғана геологиялық зерттеу жүргізілгенін айтты. Бұл ретте Мемлекет басшысы асыл және түсті металдарды өндіру бойынша бес дайын жобаның бар екенін атап өтіп, корей компанияларын Қазақстанның жер қойнауын бірлесіп игеруге шақырып, елдегі табиғи ресурстарға бірлесіп зерттеу жүргізуді ұсынды. Кейін табиғи байлықты игеру барысында корей компанияларына құқықтық басымдық берілуі мүмкін екенін жеткізді.

Кездесу қорытындысы бойынша жалпы сомасы 1,7 миллиард АҚШ доллары болатын 34 келісімге қол қойылды. Оның 21-і коммерциялық және 13-і коммерциялық емес құжат. Корей технологиясын тартуға басымдық беретін бірлескен инвестициялық жобаларда жоғары тиімділігі мен өндірістің экологиялық тазалығына басты мән берілген.

ҰЛЫ АБАЙ МҮСІНІ – СЕУЛ ТӨРІНДЕ

Бюсттің жобасы Қазақстанда дайындалып, тұтас мүсіні Кореяда қоладан құйылған. Қасым-Жомарт Тоқаев бюсттің Корея астанасындағы университет аумағына орнатылуының маңызды екенін тоқталды.

– Абай – ұлы ақын ғана емес, кемеңгер ойшыл, әйгілі ағартушы. Сондықтан Абайға арналған бюсттің білім ордасына қойылуы орынды шешім екені сөзсіз. Мұның символдық мән-маңызы айрықша. Ол жұртты ғылым игеруге, білімдар болуға үнеді. Жаңашылдық пен жасампаздықты дәріптеді. Абай мұрасы – біздің елімізге ғана емес, барша адамзатқа ортақ құндылық. Дала данышпанының «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген сөзі бар. Бұл қасиеттерді корей халқы да ерекше бағалайтынын білеміз. Осы

құндылықтардың арқасында қазіргі таңда Корея Республикасы озық дамыған мемлекеттердің қатарына қосылып отыр. Былтыр біз Абайдың 175 жылдық мерейтойын атап өттік. Осыған орай, көптеген ауқымды іс-шаралар ұйымдастырдық. Абай шығармалары әлемнің бірнеше тіліне аударылды. Соның ішінде, корей тілінде «Алтын шаңырақта шырқалған ән» атты кітабы жарыққа шықты. Кореяда ұлы ойшылға арналған маркалар әзірленді. Мұның бәрі екі елдің рухани ынтымақтастығын одан әрі нығайта түсері анық. Әсіресе, мәдени-рухани саладағы ынтымағымызды нығайттық. Осындай тығыз қарым-қатынас болашақта да жалғасын табады. Қазақстанның жетекші оқу орнында корей тілі оқытылып келеді. Корейлік студенттер де қазақ тілін оқыл жүргенін жақсы біледі. Бұл, әрине, көңіл қуантарлық ерекше жағдай. Көптеген қазақ жастары корей университеттерінде білім алуда. Біз білім, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі жалғастыра береміз. Бұл өзара байланысты келешекте де достық рухта дамыта түсуге жол ашады, – деді Мемлекет басшысы.

ҚАЗАҚТАР МЕН КОРЕЙЛЕР БАУЫРЛАС ХАЛЫҚТАРҒА АЙНАЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мун Чжэ Ин Корея бизнесінің көшбасшыларымен кездесу өткізді. Жиынға қазақстандық ірі кәсіпорындардың басшылары да қатысты.

– Өткен тарихқа көз жүгіртсек, қазақтар мен корейлердің жүріп өткен жолы күрделі, үлкен сынақтардан сынбай өткенін байқауға болады. Дәлірек айтқанда, Азаматтық соғысқа да, Ұлы Отан соғысына да қатысты. Бабаларымыз көптеген сын тезінен өтті. Соған қарамастан, біздің халықтарымыз бір-біріне ыңыр тірестіре отырып, қиыншылықтарды жеңе білді. Қазақтар мен корейлер бауырлас халықтарға айналды, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Оңтүстік Корея біздің елдің ірі сыртқы сауда және экономикалық әріптестерінің бірі екенін, корейлік бизнес өкілдерінің азық-түлік, тау-кен байыту, автомобиль және экономиканың басқа да секторында табысты еңбек етіп жатқанын атап өтті. Президент қазақ-корей ынтымақтастығының зор әлеуеті әлі де толық ашылмағанын қадап айтты.

– Қазақстан 75 миллион тұрғыны бар Орталық Азияның экономикалық тұрғыдан ең дамыған елі болып есептеледі. Заманауи құқықтық, салықтық және қаржылық жүйе мен Орталық Азиядағы міндетті төлемдерсіз сауда жүйесі Қазақстанды осы аймақта жұмыс істеуге ең қолайлы алаңға айналдырып отыр. Біз инвестициялық және технологиялық ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша жұмыс істеуге дайынбыз. Ол үшін қаржылық та, материалдық та мүмкіндіктер мен дамыған инфрақұрылым бар. Ең бастысы – бастылықтың саяси ниеті түзу, мемлекеттеріміздің арасында тату байланыс орнаған. Сондықтан біздің ынтымақтастығымыздың болашағына зор үміт артамын. Қазақстан Республикасының Президенті ретінде қол жеткізілген келісімдердің жүзеге асырылуына және жалпы елдеріміздің экономикалық ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған барлық іс-қимылдарға мониторинг жүргізіп, жіті бақылап отыратынымды тағы қайталап айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дайындаған Т.ДЕРЫСАЛИН.
(Дереккөз: Ақорданың Баспасөз қызметі).

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл Алматының
6000-нан астам
тұрғыны баспанамен
қамтамасыз етіледі.



Мегаполисте
3400-ге жуық
спорт нысаны
жұмыс істейді.



Шаһарда Абай даңғылын
ұзарту
жұмыстарының
70%-ы
аяқталды.



Алматыда соңғы екі жылда
190 мыңға
жуық қала тұрғыны
кәсіпкерлік
курсынан өткен.



Еліміздің бөлшек
тауар айналымының
31,6%-ы
Алматыда қалыптасқан.

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Болат ЗАУЫТ,
«Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы»
ұйымының маманы:



– Тәуелсіздік әлемнің әр түкпіріндегі сан миллион қазақпен байланыс орнатып, олардың атажұртқа оралуына жол ашты. Егемендіктің арқасында 1992 жылы қыркүйек айында құрылған Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы этникалық қазақтардың көші-қонына, яғни шет елдегі қазақтардың атажұртқа көшіп келуіне айрықша көңіл бөлді.

1990 жылдардың бірінші жартысында Қазақстаннан жаппай көшудің сан алуан факторлары бар еді. Экономикалық дағдарыс өндірістің қысқаруына әкеліп соқты, кәсіпорындар жабылып, жұмысын тоқтатты, адамдар жұмысынан айырылды және оларда ертеңгі күнге деген сенім болмады, алаңдаушылық көңіл күй қалыптасты. Көптеген адам тарихи Отанына оралуға тырысты. Осы кезден бастап шет елдегі қазақ диаспораларының сан мыңдаған өкілі елдегі экономикалық дағдарыс пен тұрмыстың төмендігіне қарамастан, тәуелсіз Қазақстанға ағыла бастады. Олардың арасында белгілі ғалымдар, жазушылар, әртістер, суретшілер, қоғам қайраткерлері бар еді.

Жергілікті әкімшіліктермен байланыс жасап, келген қандас-тардың дұрыс орналасып, жаңа ортаға тез бейімделуіне көмектесті. Еркіндігіміз бен азаттығымыздың арқасында Қазақстан үкіметі көші-қонға айрықша ынта-ықылас танытып, барлық жағдайды жасады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін әлі жарияламаған 1991 жылдың сәуір-маусымында Моңғолиядан бастап, сонау араб елдері мен Түркияға дейін арнайы ұшақтар мен көліктер жіберіліп, ағайындарды жүздеп, мыңдап көшіріп әкелді. Жыл сайынғы көші-қон квотасының саны 20 мың отбасына дейін көтерілді. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан халқының жалпы саны 20 миллионға бет алды.

Перизат ӘЗІМХАНҚЫЗЫ,
№61 бөбекжай-балабақша тәрбиешісі:



– Мен – еліміздің Тәуелсіздігімен құрдас бақытты ұрпақпын. Бабаларымыз ғасырлар бойы сарыла күткен, қол жетпес арманға айналған азаттықтың ақ таңы атқан жаңа заманда өмірге келдім. Мен осынау бодандықтан бостандыққа қол жеткізген халқымның көңіліндей көркем де сәулетті, дархан даланың еркін өскен ұланымын.

Ұзақ жылдар бойы сағынып жеткен Тәуелсіздік бізге тарихымызды тереңнен түсіндірді, асыл мұраларымызды айшықтады. Әдет-ғұрпымызды ұғындырды. Жаны жайсаң, аузын ашса жүрегі көрінетін, заман өтсе де адамшылығы жоғалмаған салт-дәстүрімізбен қауыштырды. Бүгінде көңіліміз орнығып, онға кеткен ойымыз бір арнаға тоғысқандай.

Мен бақыт бесігінде тербелген бейбіт елдің ертеңімін. Өз елімнің тәуелсіздігімен мақтанамын, оңайлықпен келмеген азаттықты сақтап, келер ұрпаққа табыстауға өз үлесімді қоссам деймін. Тәуелсіздіктің құрдасы болу – үлкен жауапкершілік. Сондықтан еліме өз пайдамды тигізсем деймін.

Ақжібек КЕРІМБАЙҚЫЗЫ,
құқықтанушы:



– Ұлы даламызда еркіндік орнап, Тәуелсіздікке қол жеткіздік. 1991 жылғы 16 желтоқсан ресми түрде тәуелсіздіктің таңы атқан күн болып жарияланып, өз тағдырын өз қолына алуы, бір жағынан, зор мақтаныш, қуаныш болса, екінші жағынан, үлкен тарихи жауапкершілік.

Отыз жыл ішінде Қазақ елі осы бір маңызды жауапкершілікті сезіне отырып, болашаққа нық сеніммен қарады, өзінің ұлттық әлеуетіне толық сенді. Артта қалған үш онжылдық кезеңге бүгінгі білімінен қарайтын болсақ, еліміз үшін өте сындарлы және айтулы кезеңдер екені анық.

Отызжылдық тарихымыз өзінің мемлекетшіл ұлт екендігін, мемлекеттілік тарихының кем дегенде үш мыңжылдық шежіресі бар екендігін қазіргі күнде дәлелдеп отыр. Еркіндікті, бостандықты аңсаған бабаларымыздың үміт шырағын іс жүзінде жағып отыру дәл қазіргі ұрпаққа, біздерге бұйырды. Тұңғыш Президентіміз басшылыққа келіп, сан ғасырлық армандар орындалды. Бейбіт өмірге қол жеткізіп, тәуелсіздіктің қадірі арта түсті.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы құтты болып, мәңгілік ел болайық!

Дайындаған
А.ҒАЛЫМҒАҒЫҚЫЗЫ.

«АЛАТАУ СЕРІЛЕРІ» – МӘСКЕУДЕ



АКТӨЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАҒЫ

Халқымыздың дәстүрлі әндерін ұлықтап, төл өнерімізді жалғастырып жүрген жас әншілеріміз аз емес. Ал жанды, табиғи дауыста, қазақтың жаны мен бітім-болмысынан жаралған дәстүрлі әндерді нақышына келтіріп, жаңаша орындап жүргендер кемде-кем.

Солардың бірі де бірегейі ретінде «Алатау» дәстүрлі өнер театрының дәстүрлі әншілерінен құралған «Алатау серілері» тобын айтуға болады. Өнерпаздар Ресейдің Мәскеу қаласында ұйымдастырылған «Кеш жарық, Қазақстан!» бағдарламасына шақырту алып, ресейлік әншілермен бірлесіп бір сахнада өнер көрсетті. Қазақ өнерін, оның ішінде қасиетті қара домбыраны кие тұтқан оғландарымыз Қызыл алаңда мәскеуліктерге арнап қазақ халқының әуезді әуендерін жырлады. Ою-өрнектермен әсемделген шапандары тұрғындардың назарына ілігіп, өнер көрсеткен сәті әлеуметтік желіге желдей тарады.

Сыршыл сезіммен, қазақ әншілік дәстүрін шегіне жеткізіп, кемерінен асыра, көңіл шалқыта ән шырқаған жігіттеріміздің көкке өрлеген көңіл күйлерінен, от болып жанған көздерінен қазақ болып туғандарын мақтан тұтқандарын байқауға болады. Атақты өнер майталмандарынан тәлім алған серілеріміз ән айтып



қана қоймай, домбыра күмбірін баян мен асатаяқ, дабыл аспаптарымен әсерлей жігіт игеріп, сахнада билеп те, небір рөлдерді сомдап та жүрген «сегіз кырлы, бір сырлы» жігіттер.

«Алатау серілерінің» ән қоржынындағы «Молдабайдың әні», «Алаш ұраны», «Ақ сиса», 90-жылдардың хиті болған «Бозжорға» әні көптің көңілінен шығып жүрген жайы бар.

Шекті бағасы белгіленді

Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен ақ қырыққабаттың шекті рұқсат етілген бөлшек сауда құны белгіленді.

Тиісті қаулы 2021 жылғы 18 тамызда күшіне енді. Құжатқа сәйкес, ақ қырыққабат әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағасы 30 күнтізбелік күн мерзімге 83 тг/кг мөлшерінде белгіленеді.

Аталған шара нарықтағы өнім құнын тұрақтандыруға және сатушылардың бағаны негізсіз көтеруіне жол бермеуге бағытталған. Бұрын Алматыда осындай реттеу тетігін қолдану оң нәтиже көрсеткен. Жұмыртқаға (1 санаттағы) шекті бағаны белгілеу қалада он өнімнің орташа құнын 500-ден 487 теңгеге дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Бағалардың сақталуын бақы-



лауды Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мамандары аудандық әкімдіктермен бірлесіп жүзеге асырады.

Бұзушылық 100 АЕК-ке (291 700 теңге), аталған әрекеттер жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда 200 АЕК-ке (583 400 теңге) дейін айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.

Нұр ЖАМАЛ.

ЗИЯНКЕСТЕРМЕН КҮРЕС

Кеміргіштерге қарсы ауқымды науқанның екінші кезеңі 1 қыркүйектен басталады



ГҮЛЖАНАТ
СЕМБАЕВА



47,3 мың гектар аумақты жаппай дератизациялау 1 қарашаға дейін жалғасады. Кеміргіштер пайда болуы мүмкін саябақтар, скверлер, өзен жағалаулары, сондай-ақ арықтар, қоғамдық

көлік аялдамалары арнайы заттармен өңделеді. Бұдан бөлек, 135 мың жеке тұрғын үйді, оның ішінде шаруашылық құрылыстар мен аула аумақтарын өңдеу жоспарланып отыр.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша дератизацияның екінші кезеңі (бірінші кезең 21 маусым мен 28 шілде аралығында өтті) қалада белгіленген мерзімнен бұрын басталады. Сондай-ақ, шаһар басшысы кеміргіштер пайда болуы мүмкін базарлар мен басқа да сауда орындарын да қайта өңдеуді тапсырды. Ол үшін мобильді дератизациялық топтардың саны екі есеге – 7-ден 14-ке дейін артты.

Қала тұрғындары үшін дератизацияға өтінім беруге болатын арнайы call-орталық құрылды.

Байланыс телефондары (WhatsApp-пен): +7 705 225-13-31 және +7 707 376-90-71.

Бұл ретте мемлекеттік мекемелер мен кәсіпкерлік объектілерінің ғимараттарын өңдеу осы ұйымдардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Жыл сайын оңтүстік астанада жүргізілетін дератизация кеміргіштер санын азайту және олар арқылы аса қауіпті инфекциялық және инвазиялық аурулардың таралуының алдын алу үшін қажет.



ТҰРҒЫН ҮЙ – БАСТЫ НАЗАРДА

Биыл Алматының 6 мыңнан астам тұрғыны баспанамен қамтамасыз етіледі

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы **Данияр Қырықбаев** атап өткендей, бүгінде коммуналдық тұрғын үй қорынан баспанаға мұқтаж жандардың кезегінде **30 880** азамат тұр. Оның ішінде:



Оның ішінде **1451** адам жалдамалы баспанаға сатып алу құқығынсыз көше алады, кезекте тұрған **401** адамға пәтер сатып алу құқығынсыз жалға **(185 – көпбалалы отбасылар; 216 – халықтың әлеуметтік осал топтары)** беріледі. Жұмыс істейтін 29 жасқа дейінгі жастар үшін **1050** пәтер сатып алу құқығынсыз

5 жылға жалға берілді, 35 жасқа дейінгі «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша **1000** пәтер.

Баспасөз мәслихатында Данияр Қырықбаев Алматы қаласының әкімі **Бақытжан Сағынтаевтың** тапсырмасы бойынша «Шаңырақ», «Бақытты отбасы», «Несиелік тұрғын үй» жеңілдік несиелік бағдарламалары бойынша бастапқы төлем үшін номиналы 1 миллион теңгені құрайтын **2000** қайтарымсыз тұрғын үй сертификаты беру туралы шешім қабылданғанын тілге тиек етті. Тұрғын үй сертификаты жетім балаларға, көпбалалы отбасыларға, мүгедек баласы бар отбасыларға, 1 және 2-топтағы мүгедектерге берілетінін жеткізді. Ол сонымен қатар, 2 шілдеден 17 тамыз аралығында 127 өтінім қабылданып, мақұлданғанын айтып өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»



ЖЕДЕЛСАТЫЛАР ЖАҢАРТЫЛУДА

124 үйдегі 273 лифт ауыстырылды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда ағымдағы жылға жоспарланған **130** үйдің **58-інде** жөндеу жұмыстары аяқталды. Қазіргі таңда тағы **72** үйдің жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы **Данияр Қырықбаев** айтқан болатын.

Спикердің айтуынша, Алматыда **11 мыңнан** астам лифт жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ,

5681 лифт тұрғын үй қорында, оның ішіндегі **1005** лифтінің 25 жылдан астам пайдалану мерзімі бар.

«Биыл **124** үйдегі **273** жеделсатыны ауыстыру жұмыстары аяқталды. Жылына **300** лифт ауыстыру мәлішерлемесімен, **2025** жылға қарай қызмет мерзімі өткен ескірген лифтілердің негізгі бөлігі ауыстырылады», – дейді Тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы.

Алматыда басқарудың жаңа формаларына көшудің қалалық Жол картасы бекітіліп отыр. Бүгінде **498** МИБ тіркелді және **729** ҚС кондоминиум объектілерін басқарудың жаңа түрі ретінде таңдады. Қалада барлығы **1227** жаңа басқару формасы бар.

Сонымен қатар, Тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы Алматыда **8003** контейнер орнатылған 1454 алаң бар екенін айта келіп, ведомстволарында аулалардың тазалығы мен абаттандырылуына ерекше көңіл бөлетінін жеткізді.

«Біз қала тұрғындарының қалдықтарын жинау мен шығаруды **100%** қамтуды қамтамасыз еттік. Бұл қызметтерді қоқыс жинайтын **25** ұйым көрсетеді. **142** контейнерлік алаңға күрделі жөндеу жүргізілді», – деп нақтылады Д.Қырықбаев.

Спикер қол қойылған меморандумдар аясында жеке инвесторлар қалдықтарды бөлек жинауды орнатқан: қосалқы шикізатты жинауға арналған **900** торлы контейнерлер бар екенін тілге тиек етті. Бұл игі іс бойынша жыл соңына дейін барлық аумақты қамту жоспарлануда. Сондай-ақ, ақылы негізде қайталама шикізатты қабылдау үшін **32** пункт бар. Жыл соңына дейін тағы **4** ақылы пунктті ашуды жоспарлап отыр.

Бұл ретте сапасыз жұмыс үшін **10** коммуналдық қызмет пен **11** қоқыс шығарушы ұйымға жалпы сомасы **1,5 млн.** теңге болатын айыппұл салынды. Жалпы алғанда, бірінші жартыжылдықта абаттандыру Ережелерін бұзған заңды және жеке тұлғаларға жалпы сомасы **16,2 млн.** теңге болатын **1109** хаттама толтырылды.

ЖОБА

Спорт алаңдары көбеюде



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыда тағы бір жоба жүйелі түрде жалғасуда. Жаңадан мектеп стадиондары мен ойын алаңдары пайда болып, **40-тан** астам мектептің алаңы қайта жаңартылуда.

Қазіргі уақытта мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында **№10, 42, 63, 93, 94, 104, 128, 173, 181, 189** мектептердің спорт алаңы қайтадан жаңғыртылып, жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қалалық әкімшілік мектеп стадиондары мен спорт алаңдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті бюджеттен **400 миллион** теңгеден астам инвестиция бөліді. Дәл осы жоба аясында бұған дейін **№40** және **95** мектептердің аумағында спорт алаңдары жаңартылды.

Оқушылар үшін спорт алаңдарының орны ерекше. Салауатты өмір салтын ұстанудың басты кепілі – денешынықтыру пәні. Сондықтан ашық аспан астындағы спорттық жаттықтырулардың оларды ерекше қызықтыратыны белгілі. Сондықтан жергілікті бюджет есебінен биыл **№151, 185, 179, 169, 184, 149, 82, 180, 182, 133, 130, 1, 67, 144, 34, 90, 38, 60, 69, 102, 66, 29, 28, 98, 186, 192, 187, 32, 71, 89, 106, 83** мектептердің және **№1** балалар үйінің, жалпы, **33** мектептің спорт алаңына жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл шараларға жергілікті бюджеттен **1 млрд.-тан** астам теңге бөлінді.

Сонымен қатар, биылдан бастап Алматы қаласы әкімдігінің мемлекеттік тапсырысымен қала мектептерінде оқушыларға арналған спорт секциялары ашылатын болды. Оқушылар арасында жаттықтыру жұмысын жүргізетін дене шынықтыру мұғалімдерінің айлықтарына үстемеақы қосылады.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ жеткілікті ме?



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Ресми дерек бойынша, ағымдағы жылдың соңғы 7 айында **4 млн.-ға** жуық жол ережесін бұзу жағдайы тіркелген.

ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары **Серік Түсіптің** айтуынша, жыл басынан бері **7180** жол-көлік оқиғасы салдарынан **1017** адам көз жұмып, **9533** адам түрлі дене жарақатын алған. Оның ішінде **1,4 млн.-ы** жылдамдықты асыру, **13 мыңнан** астамы жүргізушілердің автокөлікті мас күйінде басқарғаны сияқты фактілер бар. Елімізде болған **10** жол-көлік оқиғасының **3-еуі** Алматыда тіркеледі екен. Жыл басынан бері шаһарда екі мыңнан аса жол апаты орын алған. Қаладағы жазатайым оқиғалар саны былтырғымен салыстырғанда, **35,9 пайызға** артқан.

Осы тұрғыда қалада жол апаттарының алдын алу мақсатында «Қауіпсіз жол» деп аталатын жедел шара жүзеге асты. Жоба аясында **5 мыңнан** астам жол белгілері жаңартылған. Полиция қызметкерлері мұндай іс-шаралар жол тәртібін жақсартуға ықпал ететінін айтады.

«Биыл мектептер алдында жолды кесіп өтетін балалардың макеттері орнатылды. Автожолдың ең қауіпті учаскелерінде, сондай-ақ, жарықпен жарқыраған маяктары бар патрульдік көліктердің үлгілері бар. Жүргізушілер осы макеттерді көрген кезде жылдамдықты түсіріп, сол арқылы осы қауіпті учаскелерді орташа жылдамдықпен еңсере бастайды», – деді ПД ЖПҚБ бастығы **Бағдат Әшімов**.

Сонымен қатар, қала маңындағы ауылдық округ мектептерінің жанында да жұмыстар жалғасады.

– Жол инфрақұрылымы элементтерін – зебралар мен жасанды кедір-бұдырларды жаңарту бойынша ауқымды жұмыс бұрын да жүргізілген болатын. Алайда, жаңбырдың, қардың әсерінен барлық элементтер жарамсыз болып қалған. Сондықтан дәстүрлі түрде жаңа оқу жылына қарай оқу орындарының маңында зебралар мен жасан-

ды жол ережелерін бұзушылықтарды ретке келтіру жұмыстары басталды. Бұл мектептер маңындағы өткелдерде ғана емес, сонымен қатар балалар көп өтетін, оқу орны жанындағы учаскелерде жүргізілетін болады, – деп толықтырды Бағдат Әшімов.

Биыл қалада Талғар тас жолы мен Хантәңірі көшесінің қиылысында электронды жаңа жол белгілері пайда болды. Бұл қозғалысты жолдағы жағдайға байланысты реттеп отыруға қабілетті құрал.

– Бұл белгі SMD LED технологияларын қолдана отырып, EN12966 еуропалық стандартына сәйкес жасалған және жол белгілерінің түрлі-түсті кескінін жоғары ажыратымдылықпен көрсетуге мүмкіндік береді, бұл жүргізушілердің белгіні қабылдау қа-



метігін жояды. Жол белгілерінің қажетті суреті тәуліктің уақытына сәйкес (бағдарламаға сәйкес) немесе АТЦС басқару орталығынан қашықтықтағы қозғалыс жағдайына орай арнайы электронды блок арқылы көрсетіледі. Ауыспалы ақпаратты бар қозғалыс белгісінің жұмыс режимі **06 сағат 00 минуттан бастап 11 сағат 00 минутқа дейін** жалғасады. **4.1.1 – «Тура қозғалыс» және 4.1.5 – «Тура немесе сол жаққа жүру».** Бұл көлік қозғалысын реттеудің жаңа техникалық құралдары қаланың жол желісіне кеңінен енгізу, күрделі көлік түйіндерінде басқарудың икемді (интеллектуалды) режимдерінің жұмысын қамтамасыз ету үшін орнатылды, – деді Алматы қалалық ПД әкімшілік полиция басқармасының бастығы **Жандос Мұраталиев**.

Баламалы көлікке бақылау

Ал қалада самокат мінгендердің қатысуымен **30-ға** жуық жол апаты орын алған. Оған арнайы веложолдың жоқтығы себеп болып отыр. Құжат талап етілмейтін көлік иелері жаяу жүргіншілер жолымен жүруге мәжбүр. Заң жүзінде самокат қалай бақыланады? Қалалық мобильділік басқармасының мәліметіне сәйкес, қалада жалға берілетін самокаттардың саны бүгінде **2 мыңды** құрайды екен. Қазіргі таңда самокат тізгіншілері мен жаяу жүргіншілер тротуарды өзара бөлісе алмай әлекке түсіп келеді. Тұрғындар, электрлі самокат тізгіндегендер тым үлкен жыл-

дамдықпен жүреді және жол ережелерін жиі сақтамайтынын айтады.

Қалалық мобильділік басқармасының бөлім басшысы **Абылайхан Омарханның** айтуынша, алдағы **10** жылда баламалы транспорт үшін бар жағдай жасалады. Осы бағытта қалада жыл соңына дейін шамамен **10** шақырымдық жол инфрақұрылымы іске қосылмақ.

«Бүгінгі күні Алматы қаласында велоинфрақұрылым стратегиясын дамыту жұмыстары жүргізіліп, сол жоба аяқталуға жақын. Ол стратегияда Алматының **2030-ға** дейінгі бір-бірімен қосылған инфрақұрылымды жолда-

ры қарастырылған. Яғни он жыл шамасында біз жаңадан **140 шақырымға жуық инфрақұрылымды іске қосуымыз керек»,** – деді Қалалық мобильділік басқармасының бөлім басшысы Абылайхан Омархан.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, самокаттар жол қозғалысына арналған техникалық құрал болып табымайды. Яғни жол қозғалысы туралы заң бойынша самокат сияқты көлік құралы жоқ. Бүгінде электрлі самокаттарға жолдар мен трассаларда жүруге үзілді-кесілді тыйым салынған. Олар тек веложолмен жүруге құқылы.



КҮНІГЕ 1,5 МЫҢҒА ЖУЫҚ НАУҚАС ТІРКЕЛУДЕ




Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыда эпидемиологиялық ахуал әлі де ушығып тұр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясы барысында қаланың бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин айтты.

Спикердің сөзіне сүйенсек, шаһарда күніге вирус жұқтырып жатқан 1,5 мыңға жуық адам тіркеліп жатыр. Ведомство басшысы соңғы аптада алдыңғы апталармен салыстырғанда симптомды науқастар санының 94%-ға дейін өскенін атап өтті.

- «Ashyq» көшбасшылары мәртебесі бар нысандарға сағат 00.00-ге дейін, ал осы жоба шеңберінде жұмыс істейтін басқа нысандарға сағат 22.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат етілген.
- Меншік нысанына қарамастан, «Ashyq»-қа қатыспайтын барлық кәсіпорын мен ұйымдардың қызмет көрсетуіне рұқсат жоқ.
- «Ashyq» қатысушылары 2021 жылдың 17-31 тамызы аралығында сенбі, жексенбі және мереке күндері жұмыстарын тоқтатады.
- Қала саябақтарында жай күндері, демалыс және мереке күндері аттракциондарға, бөлшек сауда және қоғамдық тамақтану орындарының қызметтеріне тыйым салу күшінде қалады.
- Сонымен қатар, студенттер көп жиналатын жерлерде – асханаларда, дәретханаларда, демалыс орындарында ауа рециркуляторларын орнату ұсынылған.
- Мектептерде бастауыш, орта және жоғары сынып оқушылары бөлек есіктерден кірулері тиіс. Барлық мектептің қызметкерлері мен оқушылары күн сайын таңертеңгілік филтрлеуден өткізілуге тиіс.

ТЕЛЕМЕДИЦИНА тәулік бойы жұмыс істейді



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматының Телемедицина орталығының жүктемесі өткен аймен салыстырғанда, 3-4 есеге өскен. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында Телемедицина орталығы басшысының міндетін атқарушы Жұлдыз Бауыржанқызы айтты.

Иә, Алматыда екінші жыл қатарынан телемедицина дәрігерлері бейне және аудио байланыс арқылы үйде COVID-19 індетінен емделіп жатқан науқастардың жағдайын бақылайды. Жалпы, орталық дәрігерлері күн сайын мегаполис тұрғындарынан 5 мыңға жуық қоңырау қабылдайды және емделіп жатқан алматылықтардың нөміріне

57 мыңға жуық шығыс қоңырау жасайды. Жұлдыз Бауыржанқызының айтуынша, олар тәулік бойы жұмыс істейді.

«Алматының Телемедицина орталығы өткен жылдың қыркүйегінде Орталық қалалық клиникалық ауруханасының базасында құрылды. Бүгінде дәрігерлер орта есеппен күн сайын 5 мыңға жуық қашықтан кеңес жүргізеді. Тәулігіне екі рет – таңертең және кешке хабарласамыз. Егер сырқаттанған адамда симптомдар анықталса, мамандар оны тексереді немесе ауруханаға жатқызу туралы шешім қабылдайды. Телемедицина екі негізгі міндетті шешуге мүмкіндік берді: науқастың жағдайы үнемі бақыланады, сонымен қатар денсаулық сақтау жүйесіне түсер жүктің бір жағын көтерісіп жүр», – деді Ж.Бауыржанқызы.

Қажетті тексерулерді жүргізгеннен кейін жедел жәрдем дәрігерлері немесе емханалар науқасты госпитализациялау немесе үйде емдеу туралы шешім қабылдайды. Егер науқас COVID-19-бен сырқаттанса, онда Телемедицина орталығы мен емхана дәрігерлерінің бақылауында болады. Егер денсаулығы нашарласа, дәрігер науқасты үйде жеке тексереді немесе жедел медициналық көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, орталық дәрігерлері екпе алған қалалықтардың денсаулығын бақылайды.

Қазіргі уақытта Телемедицина орталығында 76 қызметкер ауысыммен жұмыс істеуде.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»



Рахман АЛШАНОВ,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы,
ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті:

– Биылғы оқу жылы дәстүрлі форматта басталғалы жатыр. Күз айынан бастап қаламызға шет аймақтан студенттер ағыла-тыны айтпаса да белгілі. Студенттер келгеннен кейін қалада вирустың жаңа толқыны пайда болмайтынына кепілдік жоқ. Жастар байланыс пен қарым-қатынасты қажет етеді. Бұл – студенттік өмірдің мәні. Сондықтан оқуды толық аяқтау үшін біз барлық студентті вакцина алуға шақырамыз. Барлық жоғары оқу орнында вакциналау орталықтары ашылды. Онда студенттерге екпе егілетін болады. Сонда ғана оқу орындары қауіпсіз аймаққа айналатыны сөзсіз.

Сондай-ақ, антиваксерлер қайғылы оқиғалар болған отбасыларға қарап, олардың қазіргі жай-күйін жете сезінсе екен. Сонымен қатар, баршамызға екпе алудан басқа тиімді жолдың жоқ екенін мойындайтын уақыт жетті.



Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
жазушы,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері:

– Жалпы, вакцинация адамдар арасында ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға септеседі. Бұл – індеттің таралуының алдын алатын бірден-бір құрал. Егер нақты екпе табылса, кеселдің жолы кесіледі. Аурудың адамнан адамға жұғуы бәсеңдейді. Вакцина алмай, бұл індетті жеңе алмаймыз. Соны түсіну керек. Бір жылдары оба дерті белең алған кезде, бір өзеннің бойында арғы бетте 2 ауыл, бергі бетте 1 ауыл ел отырған. Бергі беттегі 1 ауыл түгелімен екпе алған, ал анау 2 ауыл қарсы болып салдырмаған. Сонда 2 ауылдың барлық халқы қырылып қалған. Міне, осындай өте қауіпті нәрседен сақтану үшін бізге вакцина алу керек.



Мерхат ЖЫЛҚЫБАЕВ,
«Жаңғыру жолы» республикалық
жастар қозғалысының төрағасы:

– Бүгінде жаңалықтарды саралап оқитын адамдар аз. Әлеуметтік желіден жағымсыз пікірлер шыға келсе, соған сене кететіндер көбейді. Ал шын мәнінде, өз денсаулығына пайда әкелетін екпе туралы мағлұматты іздейтіндер шамалы. Сондықтан жастарға айтарым, өз денсаулығыңды ойлап, ата-анаңның денсаулығың ойла. Біздің үйде біріміз екпе салдырдық. Біз бір-біріміз үшін жанашырмыз. Сол себептен, осындай қадамға бардық.

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

Ковидпен ауырған бала көп



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бүгінде Алматы қаласының жұқпалы аурулар ауруханаларында ковид жұқтырған 5960-тан астам адам жатыр. Олардың ішінде 195-і бала. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті онлайн-брифингте қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаев айтты.

«Үшінші толқын өршіп тұрған кездің өзінде Алматы ауруханаларындағы балалар саны 30–40-тан аспайтын. Коронавирустың қазіргі штамымен балалар көп ауырып жатыр. Өткен аптада жұқтыру көрсеткіші тіпті өршіп кетті. Стационарларда 245 науқас бала болды. Өкінішке орай, қайғылы жағдай да орын алды, 1 айлық нәресте қайтыс болды. Коронавирустың жаңа штамы өте қауіпті әрі жұқпалы, балалар оны тез жұқтырады», – деді алаңдаушылық білдірген Н.Табынбаев.

Қазіргі таңда ауруханада жатқан 195 баладан басқа, 2540-ы үй жағдайында ем қабылдауда.

Н.Табынбаев күні кеше ғана Алматыға жеткізілген «Vero Cell» вакцинасы туралы да айтты. «Бұл препаратты қытайлық «Sino-pharm» компаниясы шығарған. Бұл көптеген вакциналар сияқты инактивті. Тиімділігі 72%-ды көрсеткен. Ол да екі дозалы, екінші компонент біріншісінен 21 күн өткен соң салынады. Айтарлықтай өзгерістер тіркелмеген. Ауырсыну, әлсіздік, ұйқышылдық болуы мүмкін. «Vero Cell» вакцинасының ағзаға кері әсері жоқ. Алматыда үлкен сұранысқа ие болып отыр. Өткен тәулікте осы вакцинамен 270 адам егілді», – деді спикер.

Брифинг барысында Алматыдағы медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасы туралы да айтқан Н.Табынбаев соңғы екі жыл ішінде жергілікті



атқарушы органдардың коронавируспен күреске үлкен қаржы бөлгенін атап өтті. «Өткен жылы 20 миллиард теңгеге медициналық жабдықтар сатып алынды. Оның ішінде 2 МРТ аппараты, 2 томография, 250-ден астам ӨЖЖ аппараты, 150-ге жуық High flow аппараты бар және 17 медициналық мекемеге медициналық газ жүйесі орнатылды. Барлық емхана зертханалық диагностикалық қондырғылармен жабдықталған. Эндоскопиялық қондырғылар да сатып алынды. Өйткені, олар коронавируспен ауыратын науқастарға ауадай қажет. Қосымша медициналық төсек-орындар, мониторлар, шприцтер және науқастарды емдеуге қажетті барлық заттар алынды», – деді ҚДБ басшысы.

Спикердің сөзіне сүйенсек, «Жедел жәрдем» қызметі мен перзентханалардың материалдық-техникалық базасы да нығайтылған. Жедел медициналық көмек пен диагностикаға 130 жаңа көлік сатып алынған. Бүгінде Алматыдағы инфекциялық ауруханалардың медициналық тұрғыда жабдықталуы 98%-ды құрап отыр. Сондай-ақ, инфекциялық стационарлар ретінде педагогикалық колледждің жаңа жатақханасы, С.Асфендияров атындағы медициналық университеттің жатақханасы, «Халық Арена» ғимараты пайдаланылуда.



АБЫЗ АҒА

«Жақсы адамның өлген күні болмайды, тек туған күні болады» дегендей, Аманжол ағамыз бүгінде 100-ге келетін еді.

Ардақты азамат, асыл абыз, таны-мал тұлға, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, халқына қалтқысыз қызмет еткен еңбек және соғыс ардагері **Аманжол Қалықұлы** 1921 жылдың 22 тамызында Ақмола облысы, Ерейментау ауданында дүниеге келген. Жастайынан жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленген. Тағдырдың талқысына түсіп, жазықсыз жазаланғандардың әулетінен шыққан. Аргы атасы атақты би болған, текті жерден шыққаны білініп тұратын. Кешегі Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысып, қолына қару алып, қан майданда ерлік көрсетті. Халық арасында «Катюша» деп аталатын ең қаһарлы қарудың взвод, батарея командирі болып, дивизияның штаб бастығы қызметін абыроймен атқарды. Қырғын соғыстан аман-есен оралып, туған елде ширек ғасыр бойы жұмыс істеді. Ақмола облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Ақкөл аудандық атқару комитетінің басшысы, Новочеркасск аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Целиноград облыстық партия ұйымының хатшысы, екінші хатшы қызметін атқарды.

Д.А.Қонаевтың шақыруымен Қазақстан Орталық партия комитетіне лауазымды жұмысқа келді. Алдымен партиялық бақылау комиссиясын, кейін партиялық ұйымдастыру бөлімін басқарды. Бұл салада да еңселі еңбек етіп, көзге түсіп, алдыңғы қатарда болды. 1969 жылдың тамыз айында Алматы облыстық партия комитетінен жоғарылап, Орталық партия комитетінің ғылым және оқу орындары бөліміне жауапты қызметке келдім. 1970 жылдың басында Аманжол аға партиялық бақылау комиссиясын басқаруға келгенде етене таныстық. Содан 15 жылдан аса бірге қызмет жасадық.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасынан кейін Д.А.Қонаев орнынан кетіп, Колбин бастаған шенеуніктер келген соң, бәріміз отставкаға кеттік. Аға екеуіміз көп жылдар сырлас болдық. Қызметтеріміз, тілектеріміз бір, үйлеріміз жақын, көрші болған соң, бір топ азамат «колхоз» болып, мерекелерімізді, қуанышымызды, соғым басы, жаңа жыл, мамыр, қазан тойларын бірге өткізетінбіз. Сайдың тасындай, керемет деген зиялы азаматтар: **Темірбек Набин, Қазбек Рахимов, Имаш Канапьянов, Мұрат Қалқатаев, Сьезбек Мұқашев.** Жаңа жылды бір үйден бастап, таң атқанша барлық үйді аралап шығатынбыз! Қайтып келмесе тамаша күндер, айлар, жылдар осылай өтті. Кейін аға екеуіміз ғана қалдық, кейде халқымыздың зиялы азаматы, үлкен дипломат **Сәбит Жадамов** қосылатын.

Таңсәриден **«Динамо»** деген стадионға барып, бірер сағат дене шынықтырып, дем алып қайтатынбыз. Әңгімені аға бастайды, мен костаймын, көптеген жайттарды ойға түсіріп, өткен-кеткенді таразылайтынбыз. Арманы көп болатын.

Жанұясына деген сезімі ерекше еді, әсіресе, **Зияда** жеңгемізді жанындай жақсы көретін, сыйлайтын. Жеңгеміз де оған лайықты адам еді. Асыл жар, аяулы ана, үйдің алтын қазығы болатын. «Прокурорлық көзімен» бір қарағанда жасқанып тұратынбыз.

Ағаға қалжыңдап, «осы сіз де жеңгемізден қаймығатын шығарсыз» дегенде, «ол не дегендерің, қорықсам, үйленер ме едім» деп күлетін. Ағаның үлкен арманының бірі – «өзіме тартқан ұлым болмады» деп қоятын. Бірақ Жаратушы 10 ұлға татитын алтын қыздар берді. Тұңғышы – **Сәуле** филолог, үлкен ғалым, білім беру саласында көп жылдар абыройлы қызмет атқарды.



Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтында, **«Сорос»** атындағы қорда, біліктілікті жетілдіру саласында болды. **Зәуре** – жақсы кәсіпкер, саудасаттық саласының жақсы маманы. **«Бізді асырап отырған Зәурешім»** деп риза болатын. Өмірінің соңғы күніне дейін қолында болды, қара шаңырақтың иесі. **Раушан** ағадан аумайтын алтын қызы. Ағылшын тілінің нағыз маманы, көптеген жылдар жоғары оқу орындарында дәріс берді. Қазір **«Жапон бірлескен компаниясында»** аудармашы болып қызмет атқаруда. Кенже қызы **Гүлнар** – заңгер, Қырғызстанда үлкен жеке заң компаниясының президенті. Жүкең мақтан тұтатын. **«Гүлға бара жатырмын, арнайы машина жіберіпті»** дейтін. Келген соң **«Ыстықкөлдін жағасында жақсы демалдым, құдаммен бірге болдым, сендерге сарқыт әкелдім»** деп мәз болатын.

Зияда жеңгеміз фәниден бақиға ерте кетті, аз өмір сүрді. **«Арманым – саған бір ұл тауып бермедім»** дейді екен. Табиғат сол кемістікті күйеу балалары арқылы толтырды. **Максұт, Қайыржан, Айдархан, Түрікмен** сынды күйеу балаларын жақсы көретін, аузынан тастамай, үлкен ризалық білдіріп отыратын. Балалары жақсы бақты, күтті, туған күндері, торқалы тойлары үлкен дәрежеде өтетін.

Қарт адамның басты сынағы – әдемі қартаю, сол әдемілігін өмірден өткенше сақтады.

Жүкенді жақсы көретініміз сондай, 80 жасқа толып, жанұя құрғанымыздың 60 жылдығын атап өткенде құрметті қонақ ретінде төрге отырғызып, ақ батасын алып едік. **«Бұрын батаны Д.А.Қонаевтан алушы едік, енді сіз жалғастырдыңыз»** дейтінбіз. Үлкен ақыл иесі, алды-артын терең ойлайтын, ертенгі күндерге де көз жіберіп отыра-

тын. Бірде **«Әбіләкім, менде ұл жоқ қой, алтын қыздарым бар, Құдайға тәуба. Бірақ әйелдің аты әйел ғой, егер қиын жағдайлар болып жатса, сен балалардың басы-қасында боларсың»** дегені бар. **«Жүке, бұл не сөз, сіздің 100 жылдығыңызды балалармен бірге өткіземіз, аз-ақ қалды ғой»** деп жұбататынмын. Тың жүрген адам, аздап ауыратындығы байқалатын. Бір күні Раушан хабарла-сып, **«папам сізді шақыртып жатыр»** деді. Жүгіріп келсем ауырлап қалған екен, мені отырғызып, үлкен папқасын алдырып, мән-жәйді түсіндірді.

Өлім туралы айтпай, **«қиын жағдай болып жатса, мынаны саған тапсырамын»** деді. Папкада барлық рәсімдер жазылыпты: кімдермен ақылдасу, қай газеттерге хабар беру, аудан, қала, облыстармен байланысу жағдайы айтылған. Қазақтың біртуар зиялы азаматы, ағаның сыйлайтын інісі **Сәбит Жада-нов** бар, ағайын-туыстар болып, жанұясымен бас қосып, айтқандарының, жазғандарының бәрін орындадық. Елбасынан көңіл айту хаты келді. Алмалы, Ерейментау аудандарынан, қала, Ақмола облысы әкімшілігінен жауапты адамдар қатысты. Шығарып салу рәсімі көптеген адамдардың қатысуымен ойдағыдай өтті. Кеңсай зиратына, сүйген жары Зияда жеңгеміздің жанына, мәңгілік жер қойнына тапсырдық.

Жанұясы ағайын-туған, жолдастармен бірігіп, жерлеуін, жетісін, қырын, жылдығын жақсылап өткізді, басын тұрғызды. Марқұмның жаны жәннатта, топырағы торқа, иманы жолдас болсын! Құдай артының жақсылығын берсін, жасамаған жасын ұрпақтарына, балашағасына берсін. Біртуар зиялы азамат еді. Оның жарқын бейнесі мәңгілік есімізде сақталады.

Әбіләкім ӘУБӘКІРҰЛЫ,
дербес зейнеткер.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

Оралу

Алматыға Ауғанстаннан 42 адам жеткізілді

Кеше Алматы әуежайына Ауғанстаннан еліміздің 25 азаматы (оның ішінде 15 ересек адам және 10 бала) жеткізілді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Елшілігінің қызметкерлері елге оралды.

Одан басқа, осы ұшақпен Қырғыз елінің өтініші бойынша бауырлас республиканың 14 азаматы және еліміздің елшілігіне көмек сұрап жүрген 1 Ресей азаматы мен 1 Литва азаматы ауған елінен эвакуацияланды.

Еліміздің Қорғаныс министрлігі «Қазақстан Республикасы әрдайым шет елдегі өз азаматтарының мүддесі мен құқығын қорғайды» деп мәлімдеді.

Барынша көмек көрсетіледі

Мемлекет басшысы Ауғанстандағы қазақтарға қатысты маңызды тапсырма берді

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі **Айбек Смадияров** Ауғанстандағы этникалық қазақтардың өтініштеріне байланысты Мемлекет басшысы **Қасым-Жомарт Тоқаев** олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, қажет болған жағдайда қандастарымызды тарихи Отанына қайтару мәселесі бойынша барынша көмек көрсетуді тапсырғанын мәлімдеді.

Этникалық қазақтар мәселесі Қазақстанның Ауғанстандағы елшілігінің ерекше бақылауына алынғанын атап өткен Айбек Смадияров бірқатар мәліметтер келтірді. **«Біз де бар мәліметтерге сәйкес, Ауғанстан аумағында 15-ке жуық этникалық қазақтардың отбасы тұрады. Нақтырақ, 200-ге жуық этникалық қазақ. Кейбір бұқаралық ақпарат құралдары Ауғанстанда бірнеше мың этникалық қазақтардың тұратыны туралы тексерілмеген ақпарат таратты. Бұл шындыққа сәйкес келмейді. Осыған байланысты ақпаратты мұқият қайта тексеруді және қажетсіз дүрліктірмеуді сұраймыз. Біз тиісті жұмыс жүргізіп жатырмыз және Ауғанстандағы қазақтармен тұрақты байланыстамыз»,** – деді спикер.

Қырағылық күшейтілді

Қазақстанның Қарулы Күштері Ауғанстандағы жағдайдың ушығуына байланысты қырағылықты күшейтті. Бұл туралы ҚК Бас штабының Стратегиялық жоспарлау департаменті басқармасының бастығы **Дәурен Абдуллин** мәлімдеді.

«Қарулы Күштерде қырағылықты күшейту шеңберінде мынадай іс-шаралар жүргізілуде:

- дағдарыстық жағдайлар туындаған кезде жаттығулар, кезекші күштер мен құралдардың іс-қимылдары тәртібі нақтыланды және өткізілді;

- ықтимал бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік органдармен, басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен өзара іс-қимыл ұйымдастырылды;

- әуе кеңістігін қорғау бойынша қызмет атқаратын кезекші күштер мен әуе шабуылына қарсы қорғаныс және майдандық авиация құралдарының құрамы ұлғайтылды;

- әскери объектілердің диверсияға қарсы қауіпсіздігі күшейтілді, қоймалар мен арсеналдарды күзету үшін қосымша жасақтар бөлінді;
- арнайы операциялар мен әскери-көлік авиациясы Күштерінің бөлімшелері күшейтілген жұмыс режиміне көшірілді;

- Қарулы Күштердің мемлекеттік шекараны қорғауды күшейту жөніндегі іс-қимыл жоспарлары нақтыланды», – деді Бас штабтың Стратегиялық жоспарлау департаментінің басқарма бастығы.

Қорғаныс министрі **Нұрлан Ермекбаев** өңірдегі жағдайды қадағалау және талдау, күштер мен құралдардың тәулік бойы кезекшілігін ұйымдастыру міндеттерін жүктеді. Жоғары қырағылықты қамтамасыз ету мақсатында әскери қызметшілердің кезекшілік атқаруы бойынша жүктемені тең бөлу қажеттілігі атап өтілді.

«Пайда болған тәуекелдерді үнемі бағалап, қазіргі уақытта біз үшін не маңызды екенін, негізгі күш-жігерді қайда бағыттау керектігін анықтау керек», – деп атап өтті Н.Ермекбаев.



ШЫДАМНЫҢ ДА ШЕГІ БАР!

Тұрғындар аудан әкімдіктерінен өз өтініштеріне бей-жай қарамауды талап етеді

● ӘУЕЗОВ АУДАНЫ



Алматыда жаяу жүргіншілерге арналған жолдар жоқ емес. Алайда, олардың нағыз керек деген жерлерде жоқ екені анық. Жакын күндері балаларымыз мектепке барады. Оқушылардың көпшілігін ата-аналары жетектеп апарғанымен, арасында кішкентай болса да мектепке өздері келетіндері бар. Үлкен жолдардан өтетін немесе мектептің жанында көлік көп жүретін көшелер болады. Міне, сондай кездері жолдардағы жаяу жүргіншілер өтетін тротуарлардың рөлі зор. Жалпы, Жол сақшыларының айтуынша, жол-көлік оқиғасының көбі жаяу жүргіншілердің қатысуымен болады. Ал тұрғындар оны жүргіншілер өткелінің жоқтығынан, жолақ жолдың (жаяу жүргінші жолы) аздығынан деп есептейді. Естеріңізде болса, дәл осы жаяу жүргіншілер жолағы мен жол өткелдерінің аздығы туралы ел Президенті де айтқан болатын.

Меніңше өтпелі жолдар барлық мектептердің жанында болуы керек. Мәселен, «Мамыр-4» ықшамауданындағы №202 мектептің қасында жаяу жүргіншілер өтетін жол жоқ. Сіздерден өтінеріміз, оқу басталғанша дәл осы мектептің қасына арнайы жолағы бар жүргіншілер жолын жасап берсеңіздер екен. Өйткені, тротуары жоқ көше жаяу жүргіншілердің өмірі мен денсаулығына үлкен қатер тудырады. Кейбірі қауіпсіздік ережелерін біле тұра, көліктер көп жүріп жататын жерден көшені қиып өте салатыны бар. Ал жолдан жүгіріп өту жол қозғалысы ережесін бұзумен тең. Ендеше, жүргізушіге де, өзіне де зиянын тигізбес үшін жаяу жүргіншілерге арналған өтпелердің болғаны дұрыс.

«Мамыр-4» ықшамауданы тұрғындарының атынан –
Гүлжан ӘБІШҚЫЗЫ.

● БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Редакциямызға хабарласқан газетіміздің тұрақты оқырманы Райхан Төңіргергенқызы қаламыздағы жасыл желектің жағдайына алаңдайтынын айтады. «Көктемде бүршік атып, жаздың басында ағаштардың жапырақтары, көгалдар – барлығы кілем төсегендей жап-жасыл болып жатушы еді. Серуенге шыққанда айналаңа қарап, көңілің көтерілетін. Тіпті, сол ағаштардың қасында тұрып суретке де түсетінбіз. Неге екенін қайдам, биыл сол жасыл желектер жаздың ортасы болмай жатып, сарғайып қурап кетті. Биік-биік ағаштардың жапырақтары түсіп жатыр... Тіпті, обал-ақ.

Мен бір ұсыныс айтайын. Қазір көпқабатты үйлердің бірінші қабатында дүкен, шаштараз, нотариус, букмекерлік кеңселер, түрлі жаттығу залдары секілді түрлі мекемелер орналасқан. Жасыл-желекті құтқарудың бірден-бір жолы – сол әрбір мекеме өзінің аумағындағы ағаштар мен көгалдарды өздерінің қамқор-

лықтарына алып, күнделікті суарып, баптаса... сауапты іс болмай ма? Ол біріншіден, Алматының жасыл қорын қайта қалпына келтіріп, айналаңа қуаныш сыйлайды. Екіншіден, ағаштардың қурап-шіріп кетуінен сақтайды. Егер олар шірісе, қыста, қар жауғанда түбі босап, өтіп бара жатқан кез келген адамның басына немесе көліктің үстіне құлауы бек мүмкін. Электр сымдары үзіліп, ток соғуы да ғажап емес. Сондықтан мұндай жазатайым жағдайлар орын алмас үшін оның алдын алу өте маңызды. Ол үшін ағаштарға барынша күтім жасау керек. Сонда ғана біз Алматымызды жап-жасыл жайлы қалаға айналдыра аламыз!» дейді.

Оқырманымыздың ұсынысы орынды. Расында да, әркім өз аумағындағы ағаштар мен көгалдарды суарып, баптап, күтетін болса, жасыл желектің тамырына қан жүгіріп, жайқалып өсер еді... Ойланып, ой қосайық, оқырман!

● АЛМАЛЫ АУДАНЫ



– Жасыратыны жоқ, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды қаланың барлық жерінен кездестіреміз. Олар күн жылына бітті, көпқабатты үйлердің аулалары мен саябақтарды тұрақты мекен етіп алатын болған. Мәселен, Абай даңғылы мен Масаншы көшесінің қиылысында жаяу жүргіншілерге арналған шағын аймақты дәл осы кездерлер мекен етіп алған. Мен күнде жұмысқа келе жатқанда олардың орындықтарда ұйықтап жататынын көремін, – деді Әсел есімді бойжеткен. – Жұрт бұл маңнан бірнеше метр алшақ жүруге тырысады. Себебі, жағымсыз иіс қолқанды қабады. Ол аз десеңіз, қаңғыбастар қала орталығындағы көпқабатты үйлердің аулаларын да өздеріне тұрақ ете бастаған.

– Жібек жолы даңғылындағы №125 үйдің ауласы мен балалар алаңында қаңғыбастар толып жүр.

Бізге күніне бірнеше рет ойын алаңынан мас адамдарды қуып шығаруға тура келеді. Учаскелік полиция инспекторларына еш өкпе жоқ, олар көмектесіп жатады. Бірақ ол қалай болғанда да бізге аздық етеді. Себебі, көшеде жүрген қаңғыбастар айналып келіп, біздің ауламызға тығылады. Олар мұнда тәулік бойы ұйықтайды, сонда отырып тамақтанады, т.с.с. Міне, қаңғыбастар пайда болғалы біздің балаларымыз әткеншекке отыруды, ойнауды қойды. Тіпті, өзіміз де ауладағы орындықтарға отыруға жиіренеміз. «Шыдамның да шегі бар». Алматы көшелерін қаңғыбастардан тазартып уақыт жетті. Ол үшін ең біріншіден, учаскелік полиция инспекторларының жұмысын күшейту керек болар... Яғни жергілікті полиция қызметімен бірге жағдайды пысықтап, мәселені жүйелі шешуді қарастырсаңыздар дейміз», – дейді алмалылықтар.

АУДАН ӘКІМДЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

● ЖЕТІСУ АУДАНЫ



Дәл осы «Құлагердегі» тау боп үйіліп жататын қоқыс қаланың басқа бұрышында жоқ шығар. Қашан көрсеңіз, сасық иісі қолқаны қауып, жан-жағын ластаған қоқыс шашылады да жатады. Ол аздай, қаңғыбастар қоқысты ақтарып, шашып кетеді. Төңіректің бұлайша ластануына қордаланған қоқыстағы тамақ қалдықтарын, сүйек-саяқты тістей қашқан иттердің де үлесі бар. Ауаны лаптап жатқан қоқыстың кесірінен тұрғындар жаздың ыстық аптабында есік-терезелерін ашудан қалды. Қоқыс тазалаумен айналысатын мекеме жұмысшылары да әбден қу болып алған, олар жолға жақын аймақтағы қоқыстарды тазалайды да, «Құлагердің» ішкі жағындағы қоқыстарға қарамайды. Тұншыққан тұрғындар «үнімізді еститін кім бар?» деп отыр.

Сонда тиісті салаға жауапты басшылар мен жұмысшылары қайда жүр? Неге олар қоқысты уақытылы әкетпейді? Ықшамауданның қоқысын бір мезгілде тиіп әкететін болғандықтан, арнайы көлік келгенше бүтін бір ықшамаудан осылай сасып жата бере ме? Дәл осы ықшамауданда аудандық әкімшілік орналасқан. Жауапты саланың мамандары неге бұл жағдайдан бейхабар? Біз ай сайын коммуналдық төлем түбіртегіндегі жан басына бекітілген қаражатты уақытылы төлеп отырамыз. Теңгеміз қайда кетіп жатыр?..

Құрметті редакция! Біздің жанай-қайымызды жеткізсеңіздер екен.

«Құлагер»
ықшамауданының тұрғындары.

Дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ХАЛІҢ ҚАЛАЙ, ВЕЛОЖОЛ?

Динара
МҰРАТ

Осыдан 10 жыл бұрын Алматыда алғашқы веложол пайда болды. Тек оңтүстік астанада ғана емес, бүкіл Қазақстан, тіпті, Орта Азиядағы алғашқы атанды

2007 жылы 30-ға жуық адамның қатысуымен ұйымдастырылған әуесқой велоспорттан алғашқы жарыс өтті. Сол кездері «2009–2018 жылдарға арналған қоршаған ортаның ластануын азайту жөніндегі» кешенді бағдарламаның қалалық іс-шаралар жоспарына алғаш рет велоқозғалысты дамыту енгізілді.

Сөйтіп, 2010 жылдың мамыр айында Алматы қаласы Абай даңғылының төменгі (солтүстік) жағында алғашқы веложол құрылысы басталып, 2011 жылы қолданысқа берілді. Оны Достық даңғылынан Жандосов көшесіне дейінгі жолдың жүру бөлігі мен құрылыс аумағы арасындағы жасыл жолақта сала бастады. Одан кейін де бұл бағыт назардан тыс қалмай, жаңа веложолдар пайда болды.

Барлық жұмыстардың нәтижесінде бүгінде оңтүстік астанада вело-инфражүйесі 77,2 шақырымды құрап отыр. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың басқаруымен велосипед көлігі мен шағын мобильділікті дамыту жөніндегі сараптамалық кеңес құрылды. Оның құрамына мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлер қауымдастығының өкілдері, сондай-ақ қоғамдық белсенділер, Алматы велошабандозының сарапшылары кірді.

Осындай бірқатар шаралар өз жемісін беріп, қазір алматылықтар үшін велосипед ыңғайлы қоғамдық көлікке айналып отыр. Алматы әкімдігінің тапсырысы бойынша велосипед және жаяу жүрудің жаңа стратегиясын әзірлеу мақсатында жүргізілген 2020 жылғы әлеуметтік сауалнама нәтижесі бойынша «Сіз қала ішінде велосипедпен немесе көліктің басқа экологиялық түрімен жүруді бастағыңыз немесе жиірек (Егер сіз пайдалансаңыз) пайдаланғыңыз келе ме?» деген сұраққа респонденттердің 72%-ы «иә» немесе «мүмкін» деп жауап берді. Бұл қала бойынша осы қозғалыс түрлеріне қоғамдық сұраныс әбден пісіп-жетілгенін білдіреді.

Ал сұранысқа ұсыныс бар ма? Қалада жаяу жүргіншілер мен велосипед жолдары қаншалықты ыңғайлы?

Сауалнама деректеріне сәйкес, қала тұрғындарының 80%-дан астамы күн сайын немесе аптасына бірнеше рет жаяу жүреді, олардың 87%-ы Алматыда жаяу жүргіншілер мен велосипедтер үшін көбірек жағдай жасалу керек деп санайды, ал белсенді пайдаланушылардың тек 30%-ы жаяу жүргіншілер инфрақұрылымының қауіпсіздігін жақсы, ал 24%-ы нашар және өте нашар деп бағалайды. Алматы тұрғындарының пікірінше, жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын дамыту үшін келесі шараларға баса назар аудару керек:

* Түнгі уақытта жарықтандыруды жақсарту – 47,7%;

* Пандустарды жайластыру, жолдағы кедергілерді жою (қоршаулар, қауіпті арықтар, тұраққа қойылған машиналар, биік жиектер) – 46,7%;

* Қаланың барлық көшелерінде тротуарларды жайғастыру – 46,1%;

* Жасыл кеңістікті ұлғайту – 42,5%.

Велосипед жолдарына келер болсақ, мұнда да басты наразылық қауіпсіздік мәселесіне келіп тіреледі. Сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көбі қауіпсіздік шараларын күшейту керек деп санайды.

«Almaty aqshamy» газеті сауалнама нәтижесінен бөлек, велосипедті қоғамдық көлікке айналдырған белсенді тұрғындармен әңгімелесіп көрді. «Almaty aqshamy» сайтының маманы, белгілі журналист, спортқа жаны жақын Бақыт Ойса веложолдар жүйесі қарқынды дамып жатқанымен, велосипедшілер қауіпсіздігіне қатысты сұрақтар жиі туындайтынын айтады.

«Әрине, біздің қала қалай қарқынды дамыса, велоиндустрия да солай қарқын-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

ды дамып келеді. Жыл сайын жаңа веложолдар жасалып жатыр. Маршруттар ұзарды. Алайда, ол жолдар бойымен велосипедшілерден бөлек, самокатшылар, мопед жүргізушілері жүреді. Электрлі самокаттардың жылдамдығы 50 шақырым сағатқа дейін жетеді. Олардың қатысуымен қаншама жол апаттары тіркелді. Одан бөлек, пандемия кезінде зулаған мопедтер көбейді. Олар тек жаяу жүргіншілерге емес, велосипедшілерге де қауіп төндіруде. Веложолды пайдаланатын азаматтар әлі күнге дейін кім қандай жолмен жүру керек екенін білмей жатады, мәселе сонда», – деді Б.Ойса.

Ардақ Отарханұлы велосипед жолымен жүретін жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілерінің тәртіп бұзушылығы жайлы айтып берді.

«Алматыда он жыл көлемінде тұрып келемін. Веложолдардың алғашқысы салынған жылға тұспа-тұс келдім. Бірден велосипедке отырдым деп айта алмаймын, бірақ жылдар өте келе сенімді серігім болып кетті. Веложолдар әлі де ұзартылу тиіс деп санаймын. Біраз жерлерге қауіпсіздік үшін барьерлер қойылғанымен, кейбір жолдар әлі күнге дейін қоршалмаған. Салдарынан жүргізушілер

көліктерін веложолдың қақ ортасына қойып қояды. Жаяу жүргіншілер арасында жол мәдениеті жиі сақталмайды. Бізге берілген жол бойымен жүре береді. Мұның барлығы біздің, жаяу адамның да қауіпсіздігіне нұқсан келтіретінін түсінбейді. Жақында пайда болған электрлі самокаттар да тар жолға тамаша болуда», – деп ойымен бөлісті.

Алматы қаласы Полиция департаментінің мәліметтеріне сәйкес, қалада 2-ден 2,5 мыңға дейін электрсамокатшылар мен мопедистер жүреді. Олардың көпшілігі – жеткізу курьерлері. Жыл басынан бері «баламалы көліктің» қатысуымен 29 жол-көлік оқиғасы болып, бір адам қайтыс болған екен. Ресми деректер жоғарыдағы пікір білдірушілердің сөзін дәлелдеп отыр.

Егер Алматы қаласының велоинфрақұрылымын жайластыру тәсілдерінің эволюциясын қарайтын болсақ, онда біз жергілікті билік органдары тарапынан веложолдар қалаға қажет және сұранысқа ие, ал жаяу жүргіншілер аймақтары түрлі сценарийлер бойынша дами алатынын мойындау байқалады: автокөлік жүруі толық жабылуынан бастап, жылдамдық режимін төмендету жобалары, бүкіл жүру жолы бойынша көтеріңкі жаяу жүргіншілер өткеліне дейін.

Осыдан он жыл бұрын алматылық белсенділердің әкімдікке көпжылдық сұраныстарынан кейін Абай даңғылында пайда болған алғашқы эксперименттік веложолдың жаяу жүргіншілерге деген ыңғайсыздығы Еуропалық жобалаушылардың түсінбестігін тудырды. Бірақ 2015 жылы БҰҰДБ аясында шақырылған голландиялық инженерлердің жобасы бойынша пилоттық учаске ұйымдастырылып, ал 2017 жылы әкімдік велоинфрақұрылым параметрлері мен жол қозғалысын тежеудің басқа шараларына қойылатын негізгі талаптарды бекіткен алдын ала жобалау стандартын қабылдады.

Сондай-ақ, 2018 жылы «Vision Zero» бағдарламасын әзірлеу аса қауіпсіз қала тұжырымдамасын дамытудағы маңызды кезең болды. Ол полицейлер емес, қала басшылары қол қойған алғашқы құжат. Сол кезде алғашқы Жол инфрақұрылымы департаменті құрылды, оның негізгі мақсаты жаңа жоспарлау шешімдерімен бірлесіп, жол қауіпсіздігін арттыру жөніндегі жобаларды іске асыру.

Жақында Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы жол қозғалысына қатысушыларды қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында веложол жолағын жүріс бөлігінен бөлуге арналған 2 мыңнан астам жол бұғаттағышы орнатылды.

Қазіргі уақытта басқарма «Көлік және коммуникациялар ғылыми-зерттеу және жобалау институты» ЖШС-мен бірлесіп, Алматы қаласының вело және жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын дамыту стратегиясын әзірлеуде. Жұмысты ағымдағы жылдың қыркүйек айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отыр.

Стратегияда, сондай-ақ, велоинфрақұрылымды дамыту және микромобильді көлікті пайдаланатын қозғалысқа қатысушыларды жол қозғалысы ережелеріне оқыту мен балаларға велосипед жүргізуді үйрету көзделген. Жобаны іске асыру шеңберінде 2030 жылға дейін 185 шақырымнан астам вело-инфрақұрылымды жайластыру және оның ұзындығын 2,5 есе, яғни 262,8 шақырымға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Жалпы, заманауи, қауіпсіз қала концепциясын ұстанатын кез келген шаһар алдымен жаяу жүргіншілерге, баламалы көлік иелеріне ыңғайлы болуы тиіс. Дұрыс жобаланған веложолдар тек велосипедшілердің ғана емес, басқа да азаматтардың өмірін сақтап қалатыны анық. Сондықтан жыл сайын салынып жатқан веложолдар сапасы артып, қауіпсіздік шаралары әлі де қолға алынса. Баламалы көлік иелеріне жол жүру ережесі кеңінен түсіндірілуі тиіс. Мұның барлығы бір басқарманың басындағы мәселе емес, соған қатысты әкімшіліктің барлық органдарының жұмыла көтерер жүгі.

БІЗДІҢ САУАЛНАМА

Веложүргізушілерді толғандыратын мәселелер

Жұмыс немесе оқу орындарын велосипед сақтау орындарымен, душ, киім ауыстыратын бөлмелермен қамтамасыз ету – 28%

Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер тарапынан жанжал деңгейін төмендету – 37%

Жолда жүру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету – 68%

Веложолдар жүйесін дамыту – 59%





СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫ: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы Семей ядролық сынақ полигонының жабылуының отыз жылдығымен тұспа-тұс келді. Бұл күн адамзаттың жаңа тарихына еніп, әлемнің көптеген елдері азаматтарының санасын дүр сілкіндірді. 1991 жылғы 29 тамызда сол кездегі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» 409 нөмірлі Жарлыққа қол қойды. 1945 жылы әлемдегі алғашқы ядролық жарылыстан кейін 46 жыл өткен соң ғана, талай адамның ажалына себепкер болған полигон мәңгілікке жабылды. Бұл – КСРО-ның әскери-өнеркәсіптік кешеніне ғана емес, сонымен бірге АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Қытай кірген ядролық клубтың басқа мүшелеріне қарсылық еді. Қазығын жаңа қаққан, әлемге таныла қоймаған жас мемлекет үшін бұл батыл қадам болды.

БЕЙБІТШІЛІК пен МЕЙІРІМДІЛІК миссиясы



Күрес жалғасуда

Үш онжылдық ішінде бітімгершілік саласында үлкен тәжірибе жинақтап, антиядролық қозғалыстың ардагерлері, белсенділері мен еріктілері өздерінің алдағы қызметінің перспективаларын анықтады.

Жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, бүкіл әлемдегі қарусыздану процесі үшін күресті жандандыру және Жердегі барлық ядролық полигондардың жабылуына қол жеткізу және басқалардың пайда болуына жол бермеу басты мәселе болды. Жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түріне толық тыйым салу, оларды адамзат өркениетінен шығару, мұның өзі көп жылғы ядролық сынақтардың зардабын көрген қазақ халқы үшін аса маңызды болып саналады.

Қозғалыс ядролық қару бар елдердің парламентарийлері арқылы ядросыз әлем құруға және жалпы қарусыздану бойынша өзара түсіністік пен ынтымақтастық принциптерін растайтын жаңа серпін беруге дайын. Бұл ретте Қазақстанның БҰҰ жанындағы ядролық сынақтар мен техногендік атомдық апаттардан зардап шеккендерге көмек көрсетудің халықаралық қорын құру туралы бастамасын іске асыру қажет.

Осыған байланысты Невада тұрғындары БҰҰ-ның «Семей аймағын қалпына келтіру» бағдарламасын іске асыруды жандандыруды және халықаралық ұйымдарды оны қаржыландыруға шақыруды жоспарлап отыр. Ядролық сынақтардан келтірілген зиянның ауқымы еліміздің оны жоюға қаражат жұмылдыру мүмкіндігімен салыстыруға келмейді.

«Радиация. Экология. Денсаулық» проблемалық комитетінің мақсатты қызметі экологиялық медицина, реабилитация, генетика, әлеуметтік қорғау саласындағы жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен ілгерілетуді жалғастырады. Себебі, адам денсаулығы – ең шешуші фактор.

Ғалымдар мен мамандардың бірлесуінің нәтижесінде Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын жақсарту, экологиялық жағдайды жақсарту, жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін шығару және т.б. инновациялық технологиялар банкін құру қажет.

Қозғалыс өзінің дамуының жаңа тарихи кезеңінде Қазақстан мен бүкіл ғаламшардың жастарын зорлық-зомбылық пен қауіп-қатерден азат әлем үшін күреске тартуды негізгі, басым және өзекті мақсат деп санайды және бұл ядросыз әлем үшін планетарлық қозғалысқа жаңа қуатты серпін береді.

2019 жылғы қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында «Невада–Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының отыз жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Олжас Сүлейменов әлемдік қоғамдастықты ғаламшарымыздағы ядролық сынақтарды толығымен тоқтатуға ғана емес, қолданыстағы ядролық қаруды толығымен жоюға күш біріктіруге шақырды. Мәселенің тұжырымы қазір біздің елдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікке бей-жай қарамайтындардың назарын аударады.

Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ,
«Невада–Семей» халықаралық
антиядролық қозғалысының
вице-президенті.

Тарих көшінде

1949 жылы Семей полигонындағы алғашқы жарылыс құпия түрде өтті. Кейін жылына 20-ға дейін жарылыстар іске қосылды. Жалпы алғанда, 1945 жылы 6 тамызда американдық әскерилер тастаған Хиросима бомбасынан 2,5 мың есе көп заряд жарылды.

Бірте-бірте халық Семей полигонын да ядролық жарылыстар жүріп жатқанын, салдарынан адамдар ауырып, қаза тауып жатқанын білді. Біздің ұлы ғалым, Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев Бахия Атчабаров бастаған мамандары бар экспедицияны жабдықтады. Олар 1957 жылдан 1961 жылға дейін жергілікті жерлерде зерттеулер жүргізді. Нәтижесінде 12 том – жұмыс қорытындылары сақталды, бірақ аталмыш мәліметтер белгілі себептермен құпия болып келді. 1961 жылы оны ешкім жарияламас та еді. Тіпті, КСРО Ғылым академиясына бір топ ғалым осы материалдармен жүгінген кезде, оларды зерттеп: «Жоқ, мұның бәрі өтірік. Онда ешқандай зиянды әсер болған жоқ және болуы мүмкін емес» деп жауап берген. 40 жыл өткеннен кейін, Семей облысында әртүрлі уақытта өмірден кеткен адамдардың ауру тарихын зерттей отырып, статистер лейкемия немесе радиациямен байланысты аурудың бірде-бір жағдайын таппады. Көбінесе адамдар туберкулезден, дизентерия сияқты тривиальды аурулардан кетті деп жазылған. Сонымен бірге, планетамызда 16 жыл бойы жер мен атмосферада ашық сынақтар жүргізілді.

1962 жылы Никита Хрущев Жаңа жердегі супербомбаны сынақтан өткізді. Әрине, бұл әлемдік қауымдастықты дүр сілкіндірді, содан кейін ғана Атчабаров экспедициясының материалдарына қызушылық оянып, материалдар зерттелді және бұрынғыдай атом бомбаларын ауада, суда, жер бетінде сынаудың қажеті жоқ, бірақ енді жер астына кетуіміз керек деген қорытындыға келді. Жүз метрлік баған бұрғыланғаннан кейін заряд түбіне қойылып, үсті бәрі бетонмен құйылады. Бетон қатқаннан кейін, оны жаруға болады. Мұндай сынақ түрі халық үшін қауіпсіз деп түсіндірілді. Бірақ жұртшылықты тағы алдады.

Осылайша біз 1989 жылға дейін сеніп келдік. Ол кезде адамдар жаңаша ойлай бастады. Сөз бостандығы тіпті әскери адамдарға да әсер етті. Жоғарғы Кеңестің депутаты қызметіндегі Олжас Сүлейменовке бір адам қоңырау шалып: «Мен Шаған аэродромының ұшқышымын, Семей полигонынан алыс емес. Біз кімге қоңырау шаларымызды білмей, сіз жоғарыдағыларға жеткізе аласыз деген үмітпен өзіңізге хабарласуым: 12 ақпандағы сынақтар кезінде радиоактивті газдардың шығуы орын алды, ал бұлт бірнеше ондаған шақырым жерде біздің қаланың үсті-

нен өтті. Мұнда біздің балаларымыз, отбасыларымыз өсіп-өніп жатыр, сондықтан біз мұндай бассыздыққа көне алмаймыз». Әскери қызметкер тағы бір сөзінде: «Радиоактивті газ жерасты сынақтары кезінде үнемі шығарылады, бірақ атомшылар сынақтар кезінде пайда болған бұлтты тұрғын ауылдарға, қалаларға тиіп кетпеуі үшін далаға қарай айдайды. Бірақ далада да адамдар, шопандар тұрады емес пе?!», – деді.

1963 жылдан кейін де қуатты радиоактивті шығарындылар жалғасын тапқан екен. 1989 жылы 28 ақпанда Жазушылар одағы ғимаратының жанында мыңдаған адам митингке жиналып, «Невада–Семей» антиядролық қозғалысы құрылды. Оның көшбасшысы болып Олжас Сүлейменов сайланды. Оған депутат ретінде 10 минуттық тікелей эфир беріліп, ол оны адамдарға шындықты айтып, антиядролық қозғалыстың құрылуы туралы хабарлау үшін пайдаланды. Нәтижесінде XX ғасыр тарихында алғаш рет Қазақстан халқы өз жерін, өз өмірін қорғауға көтерілді. Полигон маңындағы облыстардан екі миллионнан астам қазақстандық «Полигон жойылсын!» ұранына қосылды.

Аталған митингте Олжас Сүлейменовтің еліміздің барлық қоғамдық, шығармашылық, діни ұйымдарына, мүдделі Халықаралық ұйымдарға оқыған үндеуі қабылданды.

Үндеу мынандай сөздермен басталды: «Отандастар! Бізге бұдан былай үнсіз қалуға болмайды. 40 жылдан астам уақыт біздің жерде атом бомбасын жарып жатыр. Одан тек Семей облысының тұрғындары ғана емес, орталықта орналасқандықтан күллі қазақ зардап шегуде. Жер шарында ешкім көпұлтты Қазақстан сияқты радиациядан уланып жатқан жоқ. Бір онжылдықта орташа өмір сүру ұзақтығы төрт жылға қысқарды, ауру мен өлім туу деңгейінен екі есе жоғары көрсеткішке жетті. Халықтың жойылуының басты себептерінің бірі – радиация. Ол ұлтын да, жасын да, діни көзқарасын да ажыратпай, жолында тұрған бәрін қыруда. Біздің ақырзаманды тынымсыз күтуде құқығымыз жоқ!».

Өтініште мынадай талаптар қойылған: Қазақстандағы атом полигондарын жабу; әскери мақсаттар үшін ядролық материалдар өндіретін кәсіпорындарды жабу және олардың қуатын табиғат пен адамға келтірілген залалды жоюға қайта бағдарлау; атом өнеркәсібінің қалдықтарын көму пункттеріне қоғамның бақылауын белгілеу; «өлі» аумақтарды анықтау және оларды шаруашылық айналымнан шығару мақсатында экологиялық карта жасау, мұндай жерлерде олар қалпына келтірілгенге дейін нан өсіруге және мал бағуға тыйым салу;

КСРО Денсаулық сақтау министрлігі халықты алдамауы керек, елдегі радиация құрбандарының санын ашық айтсын. Үндеуді митингке қатысушылар бірауыздан қабылдады.

Жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін берді. Қазақстан мен бүкіл әлемдегі соғысқа қарсы қоғамдастық мақтанатын алғашқы жеңістердің бірі – 1989 жылы Семей полигонында жоспарланған 18 ядролық жарылыстың 11-і тоқтатылды. Тек жетеуін орындау мүмкін болды, соңғысы сол жылдың 19 қазан күні болды. Бұл жетістік – Қазақстан халқының ерік-жігерінің нәтижесі. Осылайша қарағандылық 130 мың кенші митинг өткізіп, сынақтар жалғасқан жағдайда мерзімсіз ереуілді бастау туралы қарар қабылдады. Оларды Семей, Павлодар, Өскемен және Жезқазғанның жұмысшылары, сондай-ақ 1989 жылғы 14 қарашада Үкіметке және КСРО Халық депутаттарына үндеу жасаған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі қолдады, онда Қазақстанның қайғы-қасірет шеккен жеріндегі ядролық жарылыстарды дереу тоқтату туралы шұғыл өтініш айтылды. 1989 жылғы 20 қарашада еліміздің Жоғарғы Кеңесі қаулы қабылдады, оның шеңберінде Семей және Жаңа Жер полигондарындағы ядролық жарылыстар тоқтатылды. 1989 жылдың 19 қазанынан бастап Кеңес Одағы атом қаруын сынауды тоқтатты.

Біз қолданған демократияның қысқа сәтінен сең қозғалды және барлық 5 полигонды дәйекті түрде өшірді. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Президентінің Жарлығымен Семей полигоны жабылғаннан кейін ядролық сынақтарға қарсы наразылықтарда Жаңа Жердегі (Ресей), Невададағы (АҚШ), Муруроа атоллсындағы (Канада, Франция) және Лобнордағы (ҚХР) полигондар жабылды.

Ядролық полигондарды жабуда Қазақстан бастан кешкен моральдық және материалдық залалды қиыншылықтарға қарамастан, әлемге халықтың ізгі ниетін біріктіру мүмкіндігін көрсетті.

Қазақстан өз аумағындағы ядролық сынақ полигонын бірінші болып жапқан-дықтан, әлемде бірінші болып өзін өз еркімен «ядролық қарусыз мемлекет» деп жариялады. Содан кейін әлемнің ең биік мінберлерінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған және жариялаған басқа да бейбіт бастамалар болды.

Қазақстандықтар ядросыз әлем үшін күресте әрқашан алдыңғы қатарда болды. Олжас Сүлейменов 1984 жылы әлем жазушыларының София кездесуінде сөйлеген сөзінде бейнелі түрде былай деді: «Бірінші атомның жарылуы адамзаттың алдағы құлдырауының белгісі болды. Бұл бізге соңғы ядролық жарылыс Адамның ұлы нәсілінің моральдық құлдырауының соңы болуы мүмкін екенін ескертеді».



ҰБТ



Талапкерлер студент атанды



Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы жылғы мемлекеттік білім гранты иегерлерінің толық тізімі жарияланды. Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағын тапсырған 145 мың талапкердің 88 мыңнан астамы шекті балл жинады. Яғни мектеп бітірушілердің 60 пайызы мемлекеттік сынаққа қатысты. Білім грантына ие болғандардың ендігі міндеті – өздері түскен оқу орнына 25 тамызға дейін құжаттарын тапсыру.

Биыл гранттардың саны 5 мыңға артты. Яғни өткен жылы білім беру гранттарының саны 51 мың болса, биыл 56 мыңға жетті. Сондай-ақ, гранттарды бөлу кезінде алғаш рет азаматтардың әлеуметтік осал санаттағы топтарына арнайы квоталар бөлінді. Осы жылы білім беру гранттарының конкурсына барлығы 75 мыңнан астам өтініш берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 13 мыңға артық.

Жалпы, биылғы жылы талапкерлер үшін «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша – кемінде 75 балл, «Денсаулық сақтау» – кемінде 70 балл, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» – кемінде 60 балл, басқа жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін – кемінде 50 балл қажет болған еді. Сонымен қатар, биылғы жылы Ұлттық бірыңғай тест тапсыру кезінде заң бұзған 19 талапкердің нәтижесі жойылды.

«БОЛАШАҚ»

Өтініш беру жалғасуда

«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына құжаттарды қабылдау әлі де жалғасып жатыр. Бүгінге дейін 1 мыңнан астам өтініш түсті.

Құжаттарды қабылдау 28 қазанға дейін жалғасады. Жалпы, 2021 жылға «Болашақ» бағдарламасы бойынша 1055 стипендия бөлінді. Олардың 555 стипендиясы магистратура, резидентура, докторантура және тағылымдама бағдарламалары және 500 стипендия ғылымдар санаты бойынша беріліп отыр. Стипендиялар маусым, тамыз және қараша айларында тағайындалады. Екінші тағайындауға – 250, үшінші тағайындауға 205 стипендия беріледі.

Жеке кабинетте үміткерге бірегей код беріледі. Арнайы кодты олар конкурстық іріктеу кезінде пайдаланады.

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Айнұр Кәрібозованың айтуынша, үміткердің жеке деректері де бірегей сәйкестендіру жүйесінің көмегімен кодталған. Іріктеу кезеңдеріне кешенді тест, тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерімен жеке әңгімелесу және шет елде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссия отырысында құжаттарды қарау кірді.

2021 жылы стипендиаттар 80 мамандық бойынша академиялық оқуға түсіп, 137 мамандық бойынша тағылымдамадан өтеді. Биыл бұл тізімге «Инклюзивті білім беру», «Вирусология», «Урбанистика», «Жаңа материалдар технологиясы» сияқты өзекті мамандықтар кірді.

Сонымен қатар, «инновациялар және жаңа технологиялар», «индустриялық инженерия», «жаратылыстану ғылымдары», «әлеуметтік ғылымдар», «білім беру», «медицина» және «креативті индустрия» сияқты бағыттарға басымдық беріліп отыр.

МӘСЕЛЕ

БІЛІМ САУДАҒА ТҮСПЕУІ ҚАЖЕТ

Жоғары оқу орнын бітіріп, өзі қалаған сала бойынша диплом алу – әркімнің де арманы һәм мақсаты. Бірақ кез келген оқу ордасы төрт жыл оқығанын бағалап, студенттің білім-біліктілігіне қарап дипломды бере салмайды. Мамандығы бойынша диплом алып шығу – студент үшін үлкен тәжірибе екенін ескерсек, еліміздің білім беру жүйесінде «дипломдық жұмысын» жазу міндеті барын білеміз. Бұл – студенттің диплом алуға дейінгі мамандығы бойынша ұстаздары мен арнайы бекітілген ғылыми жетекшісі алдында барлық қарым-қабілеті сыналатын соңғы қадам.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Дипломдық жұмысты студенттердің көпшілігі бітіруге дейін бір жыл ішінде жазып шығады. «Жұмысты жазып, бір жыл қиналғанша, ақшасын төлеп біреуге жаздырғаным артық». Елімізде осындай оймен жүрген студенттердің саны артып барады. Оған әлеуметтік желідегі «диплом жұмысын арзан бағада бірнеше күннің ішінде жазып беремін» деген жарнамалардың көптігі дәлел. Ол жарнамаларды ашып қарасаңыз, бағасы 50 мыңнан бастап кете береді. Мұндай сұраныстың көп болғаны сонша, диплом жазатындар кезектеп, бір жыл бұрын бірнеше жұмыс алып қояды екен. Араларында болашақ мұғалім, IT маманы, тіпті, дәрігер барын ескерсек, алаңдайтындай-ақ жағдай. Еңбегінің өтеуін алып, соған сәйкес тиісті деңгейде диплом жұмысын жазу қағидасы бойынша



жазып беретіндер бар. Десек те, алдымен ақшасын алып, жұмысты жазбай, ақыр аяғы не диплом жұмысы жоқ, не ақша жоқ із-түссіз жоғалып кететін жауапсыздар да табылады.

Осындай алаяқтарға алданғандардың бірі Дина есімді (есімін өзгертуді сұрады) алматылық қыз белгілі бір оқу орнын осыдан үш жыл бұрын бітірген. Еңбекке ерте араласып, студент кезінен нәпакасын өзі

